

**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



«Бекітілді»

Ғылыми кеңестің шешімімен
Хаттама №11 2023 жылғы
27 маусым (2025 жылғы
1 тамыздағы өзгерістермен,
№ 13 хаттама)

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Алматы, 2025

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 2

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР	3
3.	ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ	6
4.	ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ	6
5.	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ	7
6.	БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ЖОСПАРЛАУ (АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ).....	8
7.	ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	10
8.	БІЛІМ БЕРУДІҢ ИНКЛЮЗИВТІЛІГІ	11
9.	ОҚУ САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСУ	11
10.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ (ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ) ЖҰМЫСЫ	13
11.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ	15
12.	КӘСІБИ ПРАКТИКА	20
13.	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ	22
14.	ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ	22
15.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ	25
16.	АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ	28
17.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ	29
18.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БІТІРТУ	29
19.	ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ	30

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 3

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Академиялық саясат - бұл білім беру қызметін жоспарлау мен басқаруға және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталған, студентке бағдарланған оқытуды іске асыру мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім сапасын арттыруға арналған шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесі. Ол «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ-да (бұдан әрі - Университет) жүзеге асырылады.

1.2. Академиялық саясат Университеттің білім алушыларына, профессор-оқытушылар құрамына, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлеріне, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

1.3. Академиялық саясат ғылым және жоғары білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамаға, сондай-ақ Университет алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерге сәйкес әзірленеді және сақталады.

1.4. Академиялық саясаттың мәртебесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының тиісті түрлері мен үлгілерінің қызметі туралы үлгілік қағидалардың» 2-бөлімінің 21, 22 және 40-тармақтарында «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызмет тәртібі» бөлімінде айқындалған.

1.5. Академиялық саясат әзірленген Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері (бұдан әрі - ҚР НҚА) және оларға енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтырулар:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- 2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (2023 жылғы 20 ақпандағы №66 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен бірге);
- 2018 жылғы 30 қазандағы №595 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарының тиісті түрлері мен үлгілерінің қызметі туралы үлгілік қағидаларды бекіту туралы» бұйрығы және Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы заңнамалық актілері;
- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) нормативтік құқықтық актілері;
- Университеттің ішкі нормативтік құжаттары.

1.6. Академиялық саясат Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер өзгерген жағдайда, университеттің Жарғысы мен Даму бағдарламасына өзгерістер енгізілген жағдайда, сондай-ақ университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде қайта қаралуы мүмкін.

2. НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

2.1. **Академиялық еркіндік** – білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 4

2.2. **Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)** – оқу жылы бойына демалыс күндерін (демалыстар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, практикаларды өткізу күнтізбесі.

2.3. **Академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінөлшеудің біріздендірілген бірлігі.

2.4. **Академиялық кеңес** – университеттің оқу-әдістемелік жұмысын алқалық басқару органы.

2.5. **Академиялық ұтқырлық** – студенттердің және/немесе оқытушылардың белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) оқуға және/немесе ғылыми зерттеулер жүргізуге, аяқталған білім беру бағдарламаларын, пәндерін университетте академиялық кредиттерге міндетті түрде ауыстыра отырып, басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) көшуі.

2.6. **Аттестациялық комиссия (АК)** – білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізуге арналған комиссия. Басқарма төрағасы-Ректордың, не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі, құрамында университеттің оқытушысы немесе қызметкері болып табылмайтын төраға және ОПК-ның жетекші өкілдерінен тұратын комиссия мүшелері кіреді.

2.7. **Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі** – халықаралық тәжірибеде қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейін балмен бағалау жүйесі.

2.8. **Академиялық мәселелер жөніндегі Департамент (АМЖД)** – университетте оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыратын және үйлестіретін құрылымдық бөлім.

2.9. **Қашықтан оқыту** – оқытушы мен білім алушылардың қашықтықтан өзара әрекеттесуін қамтитын, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылатын оқыту түрі.

2.10. **Қашықтан білім беру технологиялары (ҚБТ)** – қашықтан оқытуды жүзеге асыру кезінде қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдар.

2.11. **Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)** – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы таңдап алған пәндер мен (немесе) модульдердің және оқу жұмысының өзге түрлерінің жиынтығы.

2.12. **Дуальды оқыту** - кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымында оқытуды кәсіпорында (ұйымда) өндірістік оқытудың және кәсіптік тәжірибенің міндетті кезеңдерімен ұштастыратын, білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынатын және өтемақы төлейтін кадрлар даярлау нысаны.

2.13. **Еуропалық трансферт (аудару) және кредит жинау жүйесі (ECTS)** – білім алушының шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі.

2.14. **Жеке оқу жоспары (ЖОЖ)** – білім алушының білім алу траекториясын көрсететін құжат. Білім алушы білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына құрастырады.

2.15. **Инклюзивті білім беру** – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім беруге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 5

2.16. **Жасанды интеллект (ЖИ)** – динамикалық есептеу ортасында адам миының бірқатар функционалдық мүмкіндіктерін имитациялауға мүмкіндік беретін бағдарламалық алгоритмдер жиынтығы, соның ішінде оқытушылар мен білім алушылармен құрастылғанмен бірдей немесе ішінара бірдей мәтіндік, графикалық, аудио, мультимедиялық материалдар мен құжаттарды жасау.

2.17. **Зерттеу университеті** – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бес жылға даму бағдарламасын іске асыратын және өз қызметінің нәтижелерін білім мен ғылымды интеграциялауда қолданатын, жаңа білім мен технологияларды генерациялау және трансферттеу үшін пайдаланатын университет.

2.18. **Univer ақпараттық жүйесі (АЖ Univer)** — Univer.kaznu.kz ақпараттық-бағдарламалық кешені университеттің оқу үдерісін толық қамтитын әкімшілендіру және оқу қызметін басқару жүйесі болып табылады.

2.19. **Қорытынды аттестация (Qualification Examination)** – білім алушылардың білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

2.20. **Қорытынды бақылау (Final Examination)** – аралық аттестаттау кезеңінде емтихан формасында өткізілетін оқу пәнінің бағдарламасын игеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау, егер пән бірнеше академиялық кезеңде оқытылса, қорытынды бақылау осы академиялық кезеңде оқытылған пән бөлігі бойынша жүргізілуі мүмкін.

2.21. **Оқытудың кредиттік технологиясы** – білім беру траекториясын таңдау және кредит түрінде игерілген оқу материалының көлемін есепке алу негізінде өздігінен білім алу және білімді шығармашылық игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру технологиясы.

2.22. **Кредиттік ұтқырлық** – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында университетте жалғасып жатқан оқу шеңберінде білім алушыларды шетелде оқудың шектеулі кезеңіне ауыстыру (ұтқырлық кезеңінен кейін студенттер оқуды аяқтау үшін өздерінің білім беру ұйымына оралады).

2.23. **Жаппай ашық онлайн курс (ЖАОК)** – электрондық оқыту технологияларын пайдалана отырып, интернет арқылы ашық қолжетімді, жаппай интерактивті қатысуға арналған оқу курсы.

2.24. **Модуль** – дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың адекватты критерийлері.

2.25. **Модульдік білім беру бағдарламасы** – білім алушылардың белгілі бір академиялық дәреже және/немесе біліктілік алуына қажетті негізгі құзыреттерді меңгеруге бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқу бағдарламасы.

2.26. **Модульдік оқыту** - бұл оқу үдерісін ұйымдастырудың нысаны, онда білім беру материалы жеке модульдерге құрылымдалады, олардың әрқайсысы нақты анықталған мақсаттары, мазмұны, оқу нәтижелері мен бағалау түрлері бар тақырыптық тұрғыдан аяқталған бағдарлама бөлігін білдіреді.

2.27. **Білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысы** – білім алушы меңгеріп жатқан білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылым саласындағы өзекті мәселені ғылыми жетекшінің (кеңесшінің) басшылығымен дербес зерттеуін білдіреді.

2.28. **Білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – БББ)** – оқытудың мақсаттары, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 6

2.29. Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы

2.30. Тіркеуші кеңсесі (Office of the Registrar) – білім алушының оқу жетістіктері бойынша бүкіл мағлұматтарды тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет.

2.31. Қос дипломды білім беру бағдарламалары (ҚДББ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының серіктестік негізінде әзірленген, олардың білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығы мен үйлесімділігіне негізделген және бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін академиялық дәрежелер немесе біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша тараптардың ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар. Оқу аяқталғаннан кейін және әрбір бағдарлама бойынша барлық талаптар орындалған жағдайда білім алушыға белгіленген үлгідегі екі академиялық дәреже туралы диплом және екі транскрипт беріледі.

2.32. GPA ауысу балы – әрбір оқу жылы үшін жыл сайын белгіленетін келесі оқу курсына ауысу үшін қажетті оқу жетістіктерін орташа өлшемді бағалау деңгейі.

2.33. Кредиттерді қайта есептеу (трансфер) – университет БББ оқу жоспарына сәйкес басқа білім беру ұйымында білім алушының оқыған/жүргізген пәндерінің немесе зерттеу жұмысының көлемі мен мазмұнының пәндер/зерттеу жұмысының бағдарламасына баламалылығын білім алушы болған ЖЖОКБҰ-дан алынған құжат (транскрипт) негізінде Univer АЖ-де білім алушының транскриптіне кредиттер мен осы пәндер бойынша бағалар/зерттеу жұмысы енгізіле отырып академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында тану.

2.34. Постреквизиттер (Postrequisite) – зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модулдер) және оқу жұмысының басқа түрлері.

2.35. Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу пәнін меңгеріп бітіргеннен кейінгі бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезеңінде жүргізілетін рәсім.

2.36. Пререквизиттер (Prerequisite) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері.

2.37. Оқытудың нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.

2.38. Білім беру бағдарламаларының тізілімі – ЖЖОКБҰ әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі.

2.39. Бірлескен білім беру бағдарламалары (БББ) – екі немесе одан да көп жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, соның ішінде шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесе әзірленіп, жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары. Оқу аяқталғаннан кейін және әрбір бағдарлама бойынша барлық талаптар орындалған жағдайда, қос дипломды білім беру бағдарламаларынан айырмашылығы, білім алушыға келісімдер негізінде бір ортақ диплом беріледі.

2.40. GPA үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average) – білім алушының белгілі бір кезеңдегі оқу бағдарламасы бойынша оқу жетістіктерінің деңгейін сипаттайтын орташа өлшенген көрсеткіші (белгілі бір оқу кезеңі бойынша барлық оқу жұмыстары түрлерінің қорытынды бағаларының сандық эквивалентін пән кредиттеріне көбейтіп алынған қосындылардың жалпы кредит санына қатынасы).

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 7

$$GPA = \frac{O_{c1}K_1 + O_{c2}K_2 + \dots + O_{cn}K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n}$$

$$K_1 + K_2 + \dots + K_n$$

мұндағы:

O_c - пән бойынша бағаның сандық эквиваленті;

K - пәннің кредит саны;

n - есепті кезеңде оқылған пәндердің жалпы саны.

2.41. **Транскрипт (Transcript)** - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат.

2.42. **ИС Univer жүйесіндегі пәннің оқу-әдістемелік кешені (ОӘК)** – нақты оқу пәні шеңберінде сапалы оқыту мен оқуды қамтамасыз етуге қажетті және жеткілікті оқу-әдістемелік құжаттардың жиынтығы: силлабус; дәріс конспектілері/практикалық сабақтарға арналған тақырыптық материалдар; практикалық/семинар/зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар; білім алушылардың өзіндік жұмысына (ӨЖ) арналған нұсқаулық; пән бойынша қорытынды бақылау бағдарламасы. ОӘК-тің негізгі тасымалдаушысы – ИС Univer жүйесі болып табылады.

2.43. **Оқу жоспары (ОЖ)** – міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттерінің ең аз көлемін және практиканың барлық түрлерін, қорытынды аттестаттауды көрсете отырып, пәндер циклдері бойынша БББ құрылымы мен көлемін регламенттейтін оқу құжаты. Университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді.

2.44. **Білім алушының оқу-зерттеу жұмысы** – студенттердің (білім алушылардың) ғылыми және оқу қызметінің түрі, ол зерттеу дағдыларын дамытуға, ғылыми конференцияларға, байқауларға қатысуға, ғылыми мақалалар жариялауға және т.б. бағытталған.

2.45. **Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ)** – кедейлік пен жоқшылықты жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікпен күресуге, планетаны қорғауға және бүкіл халық үшін бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық қабылданған мақсаттар.

3. ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

3.1. Университет зерттеу университеті мәртебесіне ие және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы болып табылады. Ол Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Университетті дамыту бағдарламасын іске асырады және іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерді, сондай-ақ өзге де ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысады.

3.2. Зерттеу университеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының стандарттарын дербес әзірлейді және іске асырады. Білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарына және олардың нәтижелеріне қойылатын талаптар мемлекеттік стандарттармен айқындалған тиісті бағдарламалардан төмен болмауға тиіс

3.3. Зерттеу университеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау кезінде бейіндік бағыттағы қосымша талаптарды белгілеуге құқылы.

3.4. Университет ТДМ-ға (тұрақты даму мақсаттарына) қол жеткізу және тұрақтылықты қамтамасыз ету экологиялық, әлеуметтік және экономикалық үш салада да маңызды болып табылатынын түсінеді. Осыған байланысты білім беру жүйесін қайта бағалау, қайта ой елегінен өткізу және жаңаша қарастыру қажеттілігін мойындайды, бұл білім беруді принциптерді, білім мен дағдыларды, сенімдер мен құндылықтарды барынша кең қамтитын үдеріс ретінде дамытуға бағытталған.

3.5. Тұрақты даму мүддесіндегі білім беру адамның барлық қызмет салаларының тұрақты дамуына қауіп төндіретін мәселелерді алдын ала болжауға және шешуге

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 8

бағытталған. Осыған сәйкес Университет тұрақты даму тақырыбын білім беру бағдарламаларына интеграциялайды, сондай-ақ университет, жергілікті, республикалық және халықаралық деңгейлерде ағартушылық және ақпараттық жұмыс жүргізеді.

3.6. Зерттеу университеті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ISO/IEC 27001 халықаралық стандартының талаптарына сай ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) арқылы оқу, ғылыми-зерттеу, әкімшілік және ақпараттық-коммуникациялық қызметтің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

3.7. Білім беру процесінің барлық қатысушылары Университеттің ақпараттық ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оның ішінде деректерді қорғауға, инфрақұрылымның тұрақтылығына және ақпараттық жүйелердің сенімді жұмыс істеуіне үлес қосуға міндетті.

4. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

4.1. Оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) жоғары білім беруді дамытудың Ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (магистратура, докторантура, интернатура, резидентура) білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

4.2. Шетел азаматтарын оқуға қабылдау жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура, докторантура) білім беру бағдарламалары бойынша жылына екі рет (жазғы және қысқы қабылдау) жүргізіледі. Қабылдау мерзімдерін қабылдау комиссиясы тиісті нормативтік құқықтық актілердің негізінде айқындайды.

4.3. Қырғыз Республикасы аумағындағы филиалдарда жоғары білім беру бағдарламалары (бакалавриат), сондай-ақ Ресей Федерациясы аумағындағы филиалдарда жоғары білім беру бағдарламалары (бакалавриат) бойынша оқуға қабылдау жылына бір рет жүргізіледі. Қабылдау мерзімдерін қабылдау комиссиясы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес айқындайды. Қырғыз Республикасы аумағындағы филиалда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша оқуға қабылдау жылына екі рет - жазғы және қысқы кезеңдерде жүзеге асырылады. Қабылдаудың нақты мерзімдерін қабылдау комиссиясы тиісті нормативтік-құқықтық актілер негізінде белгілейді. Оқуға қабылдау кезінде білім алушылар жеке өтініші негізінде білім беру бағдарламалары тобының (бұдан әрі - ББТ) құрамындағы білім беру бағдарламасына (ББ) қабылданады. Білім беру бағдарламасын таңдау мәселелері бойынша кеңесті Университеттің Қабылдау комиссиясы жанындағы факультет консультанттары береді.

4.4. Университет дайындық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, өтпелі баллды айқындайды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға оқуға қабылдау қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес Университет белгілеген өтпелі шекті баллды жинаған талапкерлер қабылдауға жіберіледі.

4.5. Білім алушылар контингентіне қабылдау ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. №600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес Басқарма төрағасы-Ректордың, не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен жүзеге асырылады.

5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 9

5.1. Университетте мамандарды даярлау негізінен жоғары (бакалавриат, интернатура) және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура, резидентура, докторантура) білім беру бағдарламалары (ББ) бойынша жүзеге асырылады. Сондай-ақ Университетте медициналық кадрларды даярлаудың бірнеше деңгейін (бакалавриат, интернатура және бейінді магистратура) біріктіретін бірыңғай, үздіксіз бағдарлама – үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру (ҮИМББ) моделі іске асырылады. Университет колледжінде техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды оқуға дейінгі даярлау жүзеге асырылады. Университеттің Farabi Business School құрылымдық бөлімшесі орта буын менеджерлерінен бастап топ-менеджерлер мен бизнес иелеріне дейінгі басқарушы кадрларды даярлауға бағытталған бизнес-білім беру бағдарламаларын (EMBA, MBA, DBA) жүзеге асырады. Білім беру бағдарламалары туралы ақпарат Университеттің ресми сайтындағы «Түлектерге» бөлімінде орналастырылған.

5.2. Университет білім беру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар кадрлар даярлау бағыттары бойынша және Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің бағыттары классификаторына (Farabi University) сәйкес білім беру бағдарламалары топтарының шеңберінде білім беру бағдарламаларын (ББ) дербес әзірлейді.

5.3. Университетте білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеуді кадрлар даярлау бағыттары бойынша академиялық комитеттер (АК) жүзеге асырады. Академиялық комитеттердің құрамына тәжірибелі оқытушылар, құзыретті әдіскерлер, жұмыс берушілердің және білім алушылардың өкілдері кіреді.

5.4. Білім беру бағдарламалары (ББ) Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге (ҚР НҚА), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (ҚР МЖМБС) сәйкес әзірленеді. Сонымен қатар, олар Ұлттық біліктілік шеңберінің, Салалық біліктілік шеңберлерінің, Кәсіби стандарттардың, Қазақстанның жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласының талаптарына, сондай-ақ «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ-та білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру қағидаларына сәйкес әзірленеді.

5.5. Барлық білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағдарламалары (ББ) бойынша оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттер көлемімен айқындалады. Оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемі мыналар болып табылады:

бакалавриат - студенттің барлық оқу қызметі түрлерін қоса алғанда, кемінде 240/300 академиялық кредитті 4/5 жылдық оқу мерзімімен тиісінше меңгеруі; жеделдетілген оқу түрінде - 3 жылда 240 кредит (триместрлік жүйе бойынша);

интернатура - интерннің барлық оқу қызметі түрлерін қоса алғанда, оқу кезеңінде кемінде 60 академиялық кредитті меңгеруі;

ғылыми-педагогикалық магистратура - магистранттың барлық оқу және ғылыми-зерттеу қызметі түрлерін қоса алғанда, оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті меңгеруі;

бейінді магистратура - магистранттың барлық оқу және тәжірибелік-зерттеу қызметі түрлерін қоса алғанда, оқу мерзімі 1 жылда кемінде 60 академиялық кредитті, немесе оқу мерзімі 1,5 жылда кемінде 90 академиялық кредитті меңгеруі;

резидентура – резиденттің барлық оқу қызметі түрлерін қоса алғанда, оқу мерзімі 2/3/4 жылда тиісінше кемінде 140/210/280 академиялық кредитті меңгеруі;

үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру (ҮИМББ) - білім алушының барлық оқу және тәжірибелік-зерттеу қызметі түрлерін қоса алғанда, оқу мерзімі 5/6 жылда тиісінше кемінде 300/360 академиялық кредитті меңгеруі;

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 10

докторантура - докторанттың барлық оқу және ғылыми-зерттеу қызметі түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті меңгеруі.

5.6. Белгіленген академиялық кредиттер көлемі толық меңгеріліп, білім беру бағдарламасы (ББ) бойынша күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізілгеннен кейін бағдарлама толық аяқталған деп есептеледі және білім алушыға тиісті білім беру бағдарламасы бойынша сәйкес дәреже беріледі. Медициналық мамандықтар үшін, бұдан бөлек, тиісті біліктілік те тағайындалады.

5.7. Дәстүрлі білім беру бағдарламаларымен қатар, Университетте әлемге танымал жоғары оқу орындарымен, оның ішінде халықаралық/республикалық/пәндік рейтингтердегі ТОП-300 және ТОП-500 қатарына кіретін, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) желілік университеттерінің қатысушылары болып табылатын университеттермен серіктестікте қос дипломды білім беру бағдарламалары (ҚДББ) және бірлескен білім беру бағдарламалары (БББ) әзірленіп, іске асырылады.

5.8. Университетте әрбір білім беру бағдарламасы үшін міндетті түрде оқу жоспарлары (ОЖ) әзірленеді. Оқу жоспары - міндетті және таңдау пәндері/пән модульдерінің, кәсіби тәжірибелердің, барлық оқу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-зерттеу қызметі түрлерінің, сондай-ақ қорытынды аттестацияның тізбесін қамтитын құжат болып табылады.

5.9. Оқу жоспарының (ОЖ) міндетті бөлігіне кіретін пәндер/пән модульдері, кәсіби тәжірибелер білім алушы меңгеріп жатқан білім беру бағдарламасының (ББ) бағытына қарамастан, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (ҚР МЖМБС) сәйкес міндетті болып табылады.

5.10. Университетте білім беру бағдарламаларын (ББ) іске асыру барысында формалды және бейформалды білім беру аясында алынған оқу нәтижелерін, сондай-ақ кәсіби біліктіліктер мен микробіліктіліктерді тануға жол беріледі. Мұндай тану формалды және бейформалды білім беру нәтижелерін, кәсіби біліктілікті тану тәртібі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады және мыналарды қамтуы мүмкін:

- халықаралық емтихан сертификаттарын қайта есептеу;
- басқа білім беру ұйымдарында алынған оқу нәтижелерін тану (оның ішінде академиялық ұтқырлық, қос дипломды бағдарламалар және шетелде оқу аясында);
- бұрын басқа білім беру бағдарламалары немесе оқу нысандары бойынша меңгерілген пәндерді тану (қалпына келтіру, ауыстыру, ББ немесе оқу нысанын өзгерту жағдайларында);
- онлайн-курстардың, микробіліктіліктердің және басқа бейформалды білім беру нысандарының нәтижелерін есепке алу, егер олар ресми құжаттармен расталған және валидация рәсімінен өткен болса, сондай-ақ Ережеде айқындалған өзге жағдайлар.

5.11. Оқу жоспарының (ОЖ) вариативтік бөлігіне (жоғары оқу орнының компоненті және таңдау компоненті) кіретін пәндер/пән модульдері, кәсіби тәжірибелер білім беру бағдарламасының (ББ) бағыты ескеріле отырып әзірленеді.

5.12. Университеттің барлық білім беру бағдарламалары (ББ) мүдделі тараптардың (білім алушылардың, жұмыс берушілердің, мемлекеттің) сұраныстарына және сыртқы біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан ішкі және сыртқы бағалау / сараптамадан өтеді. ББ-ны ішкі және сыртқы бағалау / сараптама және өзектендіру «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ-та білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5.13. Университет Басқармасында бекітілген білім беру бағдарламаларының оқу жоспарлары (ОЖ) сканерленген түрде ҚазҰУ-дың корпоративтік порталында

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 11

орналастырылады.

5.14. Университеттің білім беру бағдарламалары кафедра отырысында, факультет/мектеп Ғылыми кеңесінде, Академиялық комитетте қаралғаннан кейін және Университет Басқармасында бекітілген соң Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығына (2023 жылғы 27 маусымдағы өзгерістермен) сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тіркеліміне (Реестріне) енгізіледі.

5.15. Білім беру бағдарламасының Реестрге енгізілуі мемлекеттік білім беру тапсырысын алудың міндетті шарты болып табылады.

5.16. Университеттің білім беру бағдарламалары факультет/мектеп Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Реестрден келесі жағдайларда алып тасталуы мүмкін:

- аккредиттеуден және/немесе лицензиядан айыру, лицензия қосымшасының болмауы (уәкілетті органның немесе аккредиттеу агенттігінің шешімі бойынша);
- ББ Реестрге енгізілген күннен бастап төрт жыл ішінде өзектендірілмеген жағдайда (Реестрде өзектендіру мерзімі - әр төрт жыл сайын);
- түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі 50% және одан төмен болған жағдайда;
- ББ сапасын бағалау нәтижелері бойынша және басқа да негіздермен.

6. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ЖОСПАРЛАУ (АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ)

6.1. Білім беру қызметін жоспарлау оқу жылы ішінде жүзеге асырылатын оқу және бақылау іс-шаралары мен практикалардың барлық түрлерінің өткізілу кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрсетілген академиялық күнтізбе негізінде іске асырылады.

6.2. Академиялық күнтізбе оқу жылына әзірленеді, ол Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

6.3. Академиялық күнтізбеде оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жылындағы оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрсетіледі. Ағымдағы оқу жылының академиялық күнтізбесіне өзгерістер негізделген қажеттілік болған жағдайда, АМЖД ұсынысы бойынша енгізілуі мүмкін.

6.4. Оқу жылы ұзақтығы, әдетте, кемінде 15 апта академиялық семестрлерден/триместрлерден, ұзақтығы 7 аптаға дейінгі аралық аттестаттау (емтихан сессиялары) және қорытынды аттестаттау (бітіру жұмыстарын қорғау) кезеңдерінен, оқу жылында ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайтын кәсіптік практика мен каникул кезеңдерінен тұрады. Әрбір академиялық кезең білім алушыларды аралық аттестаттаумен аяқталады, әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

6.5. *Модульдік және триместрлік оқыту кезінде ББ ның әрбір модулі/пәні бойынша оқу кезеңдері жеке академиялық күнтізбемен айқындалады.

6.6. Ұзақтығы кемінде 6 апта болатын жазғы семестр (бітіру курсы қоспағанда) білім алушылардың қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, оқу жоспарларындағы академиялық қарызын немесе айырмашылығын жою, басқа білім беру ұйымдарында оқу пәндерін оқу және кредиттерді игеру, оларды университетте міндетті түрде қайта есепке алу, GPA жоғарылату, аралас немесе қосымша білім беру, оның ішінде қос дипломды білім беру аясында бағдарламаларды игеру үшін демалыс кезеңінде ұйымдастырылады.

6.7. Оқу сабақтарының және қорытынды бақылаудың (емтихан

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 12

сессияларының) кестесі факультет декандары тарапынан Университеттің Оқу бақылау қызметімен келісу арқылы бекітілуі тиіс және тиісті кезең басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын білім алушылардың назарына жеткізілуі қажет. Бекітілген кестеге өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда факультеттер тиісті кезең басталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын Университеттің Оқу бақылау қызметін ресми ұсыну (ұсыным) арқылы хабардар етуге міндетті.

6.8. Білім алушылар академиялық ұтқырлық бағдарламалары немесе денсаулық жағдайы бойынша шетелдік іс-сапарларды қоспағанда, оқу және бақылау шараларын, практикалардың барлық түрлерін академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімде қатаң орындауы міндетті. Көрсетілген жағдайларда білім алушылар факультет деканының өкіміне сәйкес жеке кесте бойынша оқу және бақылау іс-шараларын, практиканы орындайды.

6.9. Оқытушылар Univer АЖ-ға пәннің оқу-әдістемелік кешенін уақтылы әзірлеуге және жүктеуге міндетті, оған:
Оқытушылар ИС Univer жүйесіне келесі оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) құжаттарын әзірлеп, жүктеуге міндетті:

- силлабус/интерактивті силлабус және егер оқытушы MOOK курсы пәнне кіріктірсе, MOOK интеграция картасы;
- дәріс конспектілері / практикалық сабақтарға арналған тақырыптық материалдар;
- практикалық / семинарлық / зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар;
- студенттің өзіндік жұмысына (СӨЖ) арналған нұсқаулық: тапсырмалар, әдістемелік ұсынымдар, орындау кестесі;
- пән бойынша қорытынды бақылау бағдарламасы.

6.10. Оқытушылар оқу жылының басына дейін Университеттің өкімінде көрсетілген мерзімдерге сәйкес, ИС Univer жүйесіне ОӘК-ті әзірлеуге және жүктеуге міндетті. Бұл жұмыс «ИС Univer жүйесінде пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу және рәсімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес жүргізіледі. Оқытушылар ОӘК сапасы үшін жеке жауапкершілік атқарады.

6.11. Пән бойынша сабақ өткізу барысында оқытушы кафедра меңгерушісі мен факультеттің Оқыту мен оқудың сапасы жөніндегі академиялық комитеті төрағасы ИС Univer жүйесінде бекіткен электрондық нұсқадағы силлабусты / интерактивті силлабусты пайдаланады.

6.12. Оқытушылар академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімдерге сәйкес барлық оқу және бақылау іс-шараларын уақтылы өткізуге міндетті.

6.13. Рубеждік және қорытынды бақылау ведомостарын Univer ақпараттық жүйесінде уақтылы жаппаған оқытушылар Университеттің қолданыстағы жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес жеке жауапкершілікке тартылады. Мұндай жағдайларда оқытушыларға айыппұл санкциялары қолданылады. Оқу жылы ішінде осындай тәртіп бұзушылықтар жүйелі түрде (екі және одан да көп рет) қайталанған жағдайда, оқытушыға сәгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылады. Сонымен қатар, қосымша жұмыс істейтін немесе сағаттық ақы төлеу шарты бойынша еңбек ететін оқытушылардың қызметіне ерекше бақылау жүргізіледі. Аталған санаттағы оқытушылар тарапынан немқұрайлылық фактілері анықталған жағдайда, тиісті ақпарат Адами ресурстарды дамыту департаментіне әкімшілік шаралар қабылдау үшін жолданады.

6.14. Оқу сабақтарының өткізілуіне мониторингті Университеттің Оқу бақылау қызметі жүзеге асырады. Сонымен қатар, Академиялық мәселелер департаменті (ААД) тарапынан да оқу сабақтарының өткізілуіне іріктемелі мониторинг жүргізуге

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 13

жол беріледі. Мониторинг ешқандай жағдайда оқу процесіне кедергі келтірмеуі және оқытушы мен/немесе білім алушыларға қолайсыздық туғызбауы тиіс.

6.15. Оқытушы оқу және бақылау іс-шараларын, тәжірибелерді орындау мерзімдерін ауыстыру / ұзарту қажеттілігі немесе денсаулық жағдайына, іссапарға және басқа себептерге байланысты тиісті біліктілігі бар басқа оқытушыны тағайындау қажеттілігі туралы кафедра меңгерушісін уақтылы хабардар етуге жеке жауапты.

6.16. Бекітілген кесте шеңберінде дәлелді себептер бойынша өткізілмеген барлық оқу сабақтары факультет деканы бекітетін жеке графикке сәйкес өткізілуі тиіс.

7. ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

7.1. Жыл сайынғы тіркеуге ұсынылатын пәндер туралы ақпарат, оның ішінде қысқаша сипаттамасы, оқу нәтижелері, пререквизиттері мен постреквизиттері пәндер (модульдер) каталогында қамтылады және ИС Univer жүйесінде, сондай-ақ Университеттің веб-сайтында орналастырылады. Тіркеу басталғанға дейін бітіруші кафедра меңгерушілері білім алушылардың пән таңдау мәселелері бойынша алдын ала әдістемелік және кеңестік жұмысты ұйымдастырады.

7.2. ЖБП циклінің пәндерін қоспағанда, білім алушылар БББ бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқыту траекториясын дербес айқындайды. Білім алушы меңгеру үшін жеке оқу жоспарында (ЖОЖ) көрсетілетін міндетті, жоғары оқу орны компоненттерінің және таңдау (модульдер) бойынша талап етілетін санын таңдайды. Білім алушы ЖОЖ құруға және БББ оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсын толық меңгеруге дербес жауапты болады.

7.3. Куратор-эдвайзерлер білім беру бағдарламаларын меңгеру, кредиттік оқыту жүйесі, академиялық ұтқырлық және академиялық адалдық мәселелері бойынша кеңес беру қызметін жүзеге асырады. Олар білім алушыларға оқу траекториясын, таңдау пәндерін айқындауда және жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құрастыруда көмек көрсетеді, сондай-ақ студенттердің академиялық үлгеріміне тұрақты мониторинг жүргізеді, мүмкін болатын академиялық қарыздар мен оқудан шығу қаупі туралы уақтылы ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

7.4. Білім алушының ЖОЖ-на енгізілетін кредиттердің ең көп саны ағымдағы семестрге/триместрге және оқу жылына арналған оқу жоспарында белгіленген кредиттер санына сәйкес келуі тиіс.

7.5. Пәндерді (модульдерді) таңдау пәндерді оқытудың бірізділігін міндетті түрде ескере отырып жүзеге асырылуы керек. Егер алдыңғы семестрде осы пәнге пререквизиттерді меңгермеген болса, білім алушы пәнге тіркеле алмайды.

7.6. Білім алушы жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті шеңберінде жеке оқу траекториясын айқындау кезінде «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ҰЖБМ 20.07.2022 ж. №2 бұйрығының 2-тарауының 12-тармағына сәйкес негізгі БББ (Major) және (немесе) қосымша БББ (Minor) бойынша пәндерді таңдайды.

7.7. Тіркеу БББ және Univer АЖ пәндер каталогы негізінде факультет деканы бекіткен тіркеу кестесіне сәйкес онлайн-режимде жүзеге асырылады.

7.8 Академиялық ағындар мен топтар осы пәнге және осы оқытушыға жазылған білім алушылардың жеткілікті саны қағидаты бойынша қалыптасады. Академиялық ағын мен топтың толымдылығын университет айқындайды.

7.9 Егер оқу пәніне тіркелген білім алушылардың саны белгіленген ең аз мөлшерден аз болса, онда пән ашылмайды. Осы пәнге тіркелген білім алушылар хабардар етіледі және тіркеу аяқталғаннан кейін 3 күн ішінде пәнді қайта таңдау ұсынылады.

7.10 Жазғы семестрге тіркелу бітіруші курстың білім алушыларынан басқа,

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 14

көктемгі семестр аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Бітіруші курс білім алушылары үшін Жазғы семестр өткізілмейді.

7.11 Тіркеуші кеңсесі эдвайзерлерді тарта отырып, пәндерді тіркеуді ұйымдастырады. Тіркеу факультет деканының бұйрығымен бекітілген арнайы дайындалған компьютерлік класстарда қатаң түрде оқудан тыс уақытта ұйымдастырылады. Әрбір білім алушыға ID (логин) сәйкестендіру нөмірі беріледі.

7.12 ЖОЖ пәндерге тіркеу рәсімі аяқталғаннан кейін автоматты түрде Univer АЖ-да қалыптастырылады. Білім алушылардың, эдвайзердің, факультет деканының және Тіркеуші кеңсесінің жетекшілік ететін қызметкерінің ЖОЖ-ды бекітуі Univer АЖ-да электрондық түрде жүзеге асырылады, онда ЖОЖ оқу мерзімінің соңына дейін сақталады.

7.13 Білім алушының ЖОЖ жүйеде жеке сәйкестендіру ID нөмірімен тіркеледі. Білім алушы Тіркеуші кеңсесінің келісімі бойынша теориялық оқыту басталғанға дейін БББ пәндер каталогы шеңберінде ЖОЖ-дың жекелеген пәндерін өзгертуге құқылы.

7.14 Дайындалуы ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарты негізінде жүзеге асырылатын білім алушылар бір мезгілде оқыту ұзақтығын арттыра отырып, оқу жоспарында көзделгеннен аз пәндер санымен ЖОЖ қалыптастыра алады және тиісті шартты қайта жасасады.

7.15 Академиялық демалыстан оралған, оқуға қайта қабылданған немесе басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысқан кезде Тіркеу кеңсесі білім алушыларды жеке өтініштеріне сәйкес бұрын қалыптастырылған пәндік ағындарға/топтарға тіркейді, бұл ретте білім алушылар саны аз топтарға артықшылық беріледі.

8 БІЛІМ БЕРУДІҢ ИНКЛЮЗИВТІЛІГІ

8.1 Университет инклюзивті білім беру мақсаттарын іске асыра отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға білім алудың барлық деңгейлерінде олардың білім алуы және әлеуметтік бейімделуі үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді.

8.2 Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық қатыстылығына, діни сеніміне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, білім алушының денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушылар мен білім алушыларға бір-біріне тең қарым-қатынасты қамтамасыз етуге бағытталған..

8.3 Университеттің оқытушылары мен қызметкерлері ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды білуі, оларға ден қоюы және қолдау көрсетуі тиіс. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Жан-жақтылық өмірдің барлық аспектілерін күшейтеді.

8.4 Оқытушы силлабусқа инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарын енгізуге міндетті. Бұл қағидаттар оқытушының барлық білім алушылар үшін қолайлы оқу ортасын қалыптастыруға бағытталған инклюзивті оқыту принциптеріне адалдығын көрсетуі тиіс. Силлабуста білім алушылардың әртүрлілігін және білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін ережелерді көрсету ұсынылады, мысалы:

- физикалық және менталдық қолжетімділік (мысалы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге тапсырмаларды тапсырудың баламалы түрлерін ұсыну мүмкіндігі);
- мәдени және тілдік алуантүрлілік (мысалы, түсінікті тілді қолдану, көпмәдениетті мысалдарды пайдалану, күрделі терминдерді нақтылау мүмкіндігі);
- оқу стиліндегі айырмашылықтар (мысалы, материалды визуалды, аудиалды және практикалық тәсілдермен үйлестіріп беру);
- гендерлік және әлеуметтік инклюзия (мысалы, дискриминациялық

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 15

лексиканы болдырмау, мысалдар мен кейстерде біржақты пікірлерге жол бермеу), сондай-ақ басқа да тиісті аспектілер.

8.5 Университет дискриминацияға қарсы саясатты ұстанады - қорлау мен қудалауға (буллинг пен харассментке) қатаң түрде жол берілмейді.

Егер білім алушы қорлау немесе қудалау жағдайына куә болса, бұл туралы оқытушыға хабарлауы қажет. Егер мұндай құқыққа қайшы әрекеттерді оқытушының өзі жасаса, білім алушы бұл туралы куратор-эдвайзерге, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарына немесе факультет деканына хабарлауы тиіс.

9 ОҚУ САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСУ

9.1 Білім алушылар бекітілген кестеге сәйкес оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға міндетті. Сабақты құжатпен расталған дәлелді себепсіз өткізіп жіберуге жол болмайды.

9.2 Сабақты өткізіп жіберудің дәлелді себептеріне мыналар жатады:

- медициналық мекемеден шыққаннан кейін 3 күн ішінде факультет деканатына ұсынылған денсаулық жағдайы туралы анықтамамен расталған медициналық айғақтар (№037/у нысаны (QR-коды бар);
- іс-сапар туралы бұйрықпен расталған шетелдік іс-сапарға шығу;
- іс-сапар туралы бұйрықпен расталған оқу немесе қызметтік іс-сапар;
- университет әкімшілігінің келісімімен республикалық деңгейдегі спорттық және басқа да іс-шараларға қатысу;
- құжатпен расталған өзге де мән-жағдайлар.

9.3 Бір академиялық кезең (семестр) ішінде дәлелсіз себеппен 72 және одан да көп сағаттық оқу сабақтарын өткізіп алған білім алушылар тиісті факультеттің Әдеп жөніндегі Кеңесінің ұсынысы бойынша (тәртіптік жаза болған жағдайда) университеттен шығарылады.

9.4 Денсаулық жағдайына байланысты 5 аптадан артық оқу сабақтарына қатыспаған білім алушылар «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 30 қазандағы №595 бұйрығына сәйкес академиялық демалысты рәсімдеуге тиіс.

9.5 Төтенше жағдайлар (пандемия және т.б.) жағдайында білім алушылар «Санитариялық-эпидемиологиялық режимді (СЭР) қамтамасыз ету Регламентіне» және денсаулық сақтау, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдардың ұсынымдарына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық режимнің (СЭР) талаптарын сақтауға тиіс.

9.6 Егер жіберіп алған сабақ саны пән бойынша оқу сабақтарының 50%-нан аспаса, дәлелді себептермен жіберілген сабақтарды өтеуге рұқсат етіледі. Оқу сабақтарын жіберіп алған білім алушы растайтын құжаттарды қоса факультет деканының атына тиісті өтініш береді. Факультет деканының өкімімен жіберілген сабақтарды өтеудің жеке кестесі бекітіледі.

9.7 Пән бойынша оқу сабақтарының 50%-дан астамын өткізіп алған жағдайда, білім алушы автоматты түрде «F» - «қанағаттанарлықсыз» бағасын алады және пән бойынша қорытынды бақылауға жіберілмейді, құжаттамалық дәлелді себептері бар жағдайларды қоспағанда.

9.8 Университеттің оқу үдерісінде қашықтан білім беру технологиялары «Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарға және қашықтан оқыту бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 16

және ғылым министрінің 2015 жылдың 20 наурыздағы №137 бұйрығына сәйкес іске асырылады.

9.9 Университетте мынадай білім алушыларға қатысты ҚББТ-ны қолдануға жол беріледі:

№	Бағыттар	ҚББТ -қа ауысуға максималды көлем
1.	Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары үшін, ерекшеліксіз. Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы (ДКК) бар білім алушыларға. Оқытудың асинхронды және синхронды форматы арқылы ұйымдастырылады.	Анықталған қашықтықтан оқыту мерзімі мен ұзақтығына медициналық көрсеткіштер мен ДКК қорытындысы негізінде
2.	Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары үшін, ерекшеліксіз. Халықаралық республикалық оқу-жаттығу жиындары, спорттық жарыстар, интеллектуалдық және шығармашылық байқаулар мен фестиваль қатысушыларына оқытудың асинхронды және синхронды форматы арқылы арнайы ұйымдастырылады.	Қатысу мерзіміне
3.	Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары үшін, ерекшеліксіз. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алушыларды даярлау үшін.	20% артық емес жалпы академиялық кредиттер саны оқудың бүкіл кезеңі үшін. Бұл ретте семестрдегі пәндер санының 50%-дан аспауы керек.
4.	Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары үшін, ерекшеліксіз. Қос дипломдық бағдарламаларды және (немесе) бірлескен бағдарламаларды, алмасу бағдарламаларын іске асыру кезінде.	50% артық емес жалпы академиялық кредиттер саны бүкіл оқу кезеңі үшін (ерекшеліксіз барлық бағыттар үшін).

Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда, оның ішінде халық ауруларының алдын алу мен емдеуде, санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шараларда, сонымен қатар академиялық ұтқырлық бағдарламалары және қос дипломдық және (немесе) бірлескен бағдарламаларды іске асыру кезінде де студенттерге ҚББТ бойынша академиялық кредиттердің көбірек көлемін оқуға рұқсат етіледі.

«Дене шынықтыру» пәні күндізгі бөлімде жүргізіледі және шектеу шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде оқу кезінде ғана ҚББТ -қа ауыстырылады.

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 17

Тәжірибе базаларында, ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардың немесе қызмет салаларының ұйымдарында кәсіптік практиканың, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстардың, ғылыми тағылымдамалардың барлық түрлерін өткізу штаттық негізде жүзеге асырылады.

Бұл ретте практикадан өтушінің қашықтықтан жұмыс істеуінің түрлері, кестесі мен сипаттамасы көрсетілген практика базасынан растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін, сондай-ақ шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында оқыту кезінде білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты ҚБТ-ны қолдануға жол беріледі.

	ҚББТ көмегімен оқытуды жүзеге асырудың басқа жағдайлары		
1.	Құқық саласында кадрлар даярлау үшін. Оқытудың тек синхронды форматы арқылы ұйымдастырылады.	20% артық емес пәндердің жалпы санынан оқудың бүкіл кезеңі үшін.	
2.	Кадрларды даярлау үшін кадрларды даярлаудың қалған бағыттары бойынша. Оқытудың тек синхронды форматы арқылы ұйымдастырылады.	Пәндердің жалпы санынан 50% артық емес бүкіл оқу кезеңінде.	
3	Медициналық, фармацевтикалық және педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша.	РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-2-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда.	
4	Даярлаудың барлық бағыттарындағы білім алушылар жекелеген пәндерді Университеттің келісімі бойынша бейресми білім беру арқылы, оның ішінде нәтижелері Университеттің «Ресми және бейресми білім беру, кәсіптік біліктілік нәтижелерін тану тәртібі туралы ережесінде» белгіленген тәртіппен мойындалатын MOOK арқылы игере алады.	Бүкіл оқу кезеңінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінен 20% артық емес	

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында онлайн-форматта жүзеге асыру мүмкін емес кәсіптік практика, зерттеу және эксперименттік жұмыс, зертханалық және студиялық сабақтар қашықтықтан оқытуға көшу кезінде кейінгі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

9.10 Білім алушылар ҚББТ қолдана отырып, оқу сабақтарына қатысуға міндетті: кестеге сәйкес синхронды түрде, оқытушы белгілеген дедлайндарға (тапсырманы орындау мерзімі) сәйкес асинхронды түрде.

9.11 ҚББТ-мен оқуға тіркелу үшін білім алушы Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі-проректордың атына бітіртуші кафедра меңгерушісі мен факультет деканының визаларымен тиісті өтініш береді. ҚББТ қолдана отырып оқуға ауыстыру Басқарма төрағасы-Ректордың немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен рәсімделеді.

9.12 Академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік іс-сапардан оралған, іс-сапар қорытындысы бойынша академиялық қарызы болған білім алушылар факультет деканының атына жеке оқу кестесі бойынша тиісті пәндерді оқу туралы өтініш береді.

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 18

Бұл ретте олар академиялық қарыз пәндері бойынша қорытынды емтихандарды тапсыруы тиіс.

10 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ (ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ) ЖҰМЫСЫ

10.1 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысы - білім алушы меңгеріп жатқан білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылым саласындағы өзекті мәселе бойынша ғылыми жетекшінің (кеңесшінің) басшылығымен орындалатын дербес зерттеу болып табылады.

Ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысының нәтижелері бойынша білім алушы ғылыми басылымдарда мақалалар жариялайды, сондай-ақ бітіру жұмысын (дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік диссертация/жоба, докторлық диссертация) көпшілік алдында қорғауға ұсынады.

Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде бір ғылыми жарияланымда және (немесе) бір ғылыми-практикалық конференциядағы баяндама түрінде ұсынылуы тиіс.

Ғылыми нәтижелерді Scopus және (немесе) Web of Science деректер базасында индекстелетін ғылыми басылымдарда немесе Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (БҒССҚК) ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда жариялау, сондай-ақ Scopus және (немесе) Web of Science базасында индекстелетін конференцияларда баяндама жасап, оның материалдарын (conference proceedings) жариялау ұсынылады.

Докторанттардың диссертацияларының негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға қойылатын талаптар дәрежелер беру қағидаларымен реттеледі.

Ғылыми-зерттеу жұмысының әртүрлі түрлерін орындау барысында жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерін пайдалану Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында, соның ішінде «Университетте ЖИ технологияларын қолдану туралы ережеде» және «Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын плагиатқа тексеру туралы ережеде» белгіленген шектерде ғана рұқсат етіледі.

10.2 Ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысын орындау үшін магистранттар мен докторанттар ЖОЖ-дан басқа, ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының жеке жоспарын, практикадан өту жоспарын, негіздемесі мен құрылымы бар диссертация тақырыбын, диссертацияны орындау жоспарын, ғылыми жарияланымдар жоспарын, ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардың жоспары және т.б. қамтитын бүкіл оқу кезеңіне арналған жеке жұмыс жоспарларын жасайды және бекітеді.

10.3 Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарын орындау кредиттері оқу семестрлері бойынша бөлінген.

10.4 Әрбір академиялық кезеңнің соңында магистранттар мен докторанттар ғылыми жетекшінің/ғылыми кеңесшілердің қатысуымен бітіруші кафедраның отырысында атқарылған жұмыс нәтижелерінің презентациясын ұсынады. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін аралық аттестаттаудан өткізуі «Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы», «Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы» рәсімдерімен реттеледі.

10.5 Магистранттар мен докторанттардың жеке жұмыс жоспарын орындауы және диссертациялық жұмысты сәтті қорғауы үшін жауапкершілік докторанттың өзіне, оған бекітілген отандық ғылыми кеңесшіге және бітіруші кафедраға жүктеледі.

Докторант жеке жұмыс жоспарында көзделген барлық жұмыс түрлерін сапасыз немесе уақытылы орындамаған жағдайда, отандық ғылыми кеңесші мен кафедра докторантты аралық аттестацияға жібермейді. Ғылыми кеңесші бір мезгілде (өткен жылдардағы бітірушілерді қоса алғанда) үштен артық докторантқа жетекшілік ете

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 19

алмайды және бұл жетекшілік үшжақты келісім негізінде жүзеге асырылады.

10.6 Магистранттар мен докторанттар жеке жұмыс жоспарын орындау шеңберінде диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша, әдетте, жетекші ЖЖОКБҰ-да және/немесе ірі зерттеу орталығында міндетті тағылымдамадан өтуі тиіс. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру және өтуі «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистратура туралы Ережесімен», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторантура туралы Ережесімен», «Академиялық ұтқырлық туралы Ережесімен» реттеледі.

10.7 Тәжірибелік-зерттеу жұмыстары (бұдан әрі – ТЗЖ) шеңберінде үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін білім алушының жеке жұмыс жоспарында денсаулық сақтау саласының ғылыми ұйымдарында және (немесе) ұйымдарында ғылыми тағылымдамадан міндетті түрде өту көзделеді.

10.8 Білім алушылар ЖОЖ мен академиялық күнтізбеге қатаң сәйкестікте ғылыми зерттеу, зерттеу практикалары мен тағылымдамаларын жүргізу, бітіру жұмысын көпшілік алдында қорғауға дайындауға байланысты жұмыстардың барлық түрлерінің уақтылы, сапалы орындалуына жауапты болады.

10.9 Ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының нәтижелері қанағаттанарлықсыз деп бағаланған білім алушылар келесі академиялық кезеңде ақылы негізде тиісті кредиттерді игереді.

10.10 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің БББ іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібі, сондай-ақ ғылыми жетекшілерді/кеңесшілерді тағайындауға қатысты мәселелер, магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысын жүргізу рәсімдері мынадай ішкі құжаттармен реттеледі:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі магистратура туралы ереже;

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі докторантура туралы ереже ;

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі дипломдық жұмыстардың/жобалардың жетекшілеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы» регламент;

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі магистрлік диссертациялардың/жобалардың ғылыми жетекшілеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы» регламент;

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі докторанттардың ғылыми консультанттарына қойылатын біліктілік талаптары туралы» регламент;

«Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы» рәсімі;

«Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы» рәсімі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымының әдеп кодексі.

10.11. Магистрант пен докторант пен оның ғылыми кеңесшісі арасында дау туындаған жағдайда, магистрант (немесе докторант) даулы мәселелерді шешу үшін келісім комиссиясына жүгінуге құқылы. Қажет болған жағдайда факультеттің Ғылыми кеңесі ғылыми кеңесшіні ғылыми жетекшілік ету міндетінен босату және магистрантқа/докторантқа жаңа ғылыми кеңесші тағайындау туралы шешім қабылдай алады.

11 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

11.1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және күтілетін оқыту нәтижелерін қалыптастыру үшін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған:

- ағымдағы бақылау;
- аралық бақылау;
- қорытынды бақылау (қорытынды емтихан).

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 20

11.2 Ағымдағы бақылау - академиялық кезең ішінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда оқытушы жүзеге асыратын силлабусқа сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру. Ағымдағы бақылау тапсырмаларын орындағаны үшін балдар орындалатын тапсырмалардың саны мен күрделілік дәрежесіне сәйкес апталар бойынша пән силлабусында бөлінеді.

Ағымдағы бақылаудың бағалары оқытушының интерактивті силлабусымен қатаң сәйкестікте Univer АЖ да қатысу және үлгерім журналына қойылады.

Univer АЖ-дағы интерактивті силлабус пәннің силлабусына сәйкес тиісті оқу аптасы үшін ең жоғары ықтимал балл санын көрсете отырып толтырылады. Аттестаттау аптасында қойылатын баллдардың саны тиісті апта үшін пән силлабусында белгіленген ең жоғары рұқсат етілген саннан аспауы тиіс.

11.3 Univer АЖ-дағы интерактивті силлабус пәннің силлабусына сәйкес тиісті оқу аптасы үшін ең жоғары ықтимал балл санын көрсете отырып толтырылады. Аттестаттау аптасында қойылатын баллдардың саны тиісті апта үшін пән силлабусында белгіленген ең жоғары рұқсат етілген саннан аспауы тиіс. Аралық бақылау (АБ) – академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәні шеңберіндегі білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Университетте екі аралық бақылау белгіленген (АБ1 және АБ2):

АБ1 семестрдің алғашқы 8 аптасындағы үлгерімді бағалайды;

АБ2 семестрдің 9-ші аптасынан 15-ші аптаға дейінгі кезеңдегі оқу үлгерімін бағалайды.

* Модульдік және триместрлік оқыту кезінде әрбір пән бойынша АБ кезеңдері жеке академиялық күнтізбемен айқындалады.

11.4 Аралық бақылау бағасы Univer АЖ-дағы аралық бақылау тізімдемесіне академиялық күнтізбеде көрсетілген тиісті аттестаттау аптасының сенбі күні сағат 23.59-ге дейін қойылады. Қорытынды бақылауды тапсырғаннан кейін АБ1 және АБ2 баллдарын өзгертуге жол берілмейді.

11.5 Ағымдық және аралық бақылау жүргізу формасын оқытушы белгілейді, пәннің силлабусына енгізеді және білім алушылардың назарына жеткізіледі.

11.6 Пән бойынша қорытынды бақылау қорытынды емтихан түрінде жүргізіледі. Пән бойынша қорытынды емтихан аралық аттестация (емтихан сессиясы) кезеңінде өткізіледі және оның ұзақтығы кемінде екі апта болуы тиіс.

Пән бойынша қорытынды бақылауды, әдетте, осы пәнді жүргізетін оқытушы жүзеге асырады. Әрбір оқу пәні бойынша қорытынды емтиханның формасы / платформасы Университетте белгіленген қорытынды бақылау формалары мен платформаларына сәйкес пәннің оқытушысы тарапынан айқындалады, силлабуста көрсетіледі, академиялық кезең басталғаннан кейін бір ай ішінде білім алушылардың назарына жеткізіледі және ИС Univer жүйесіне енгізіледі.

Оқытушы ағымдық, рубеждік және қорытынды бақылауға арналған тапсырмаларды әзірлеу кезінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын (чат-боттар және т.б.) қосалқы құрал ретінде пайдалана алады. Бұл ретте пайдаланылған жүйелерге сілтемелер пәннің қорытынды бақылау бағдарламасында көрсетіледі және бұл процесс Университеттің «ЖИ технологияларын қолдану туралы ережесіне» сәйкес жүзеге асырылады.

Қорытынды емтихан нәтижелері ИС Univer жүйесіндегі жеке емтихан ведомостарына енгізіледі. Қорытынды бақылау бағалары пән бойынша емтихан өткізілгеннен кейін 48 сағат ішінде осы пәннің емтихан алушы-оқытушысы тарапынан ИС Univer жүйесіне енгізіледі.

Модульдік және триместрлік оқыту жағдайында әр пән бойынша қорытынды бақылау кезеңдері академиялық күнтізбеде жеке белгіленеді.

11.7 Егер оқытушы білім беру үдерісіне онлайн курс/курстарды (бекітілген

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 21

интеграция картасы болған жағдайда) енгізсе, білім алушылар осы пән бойынша қорытынды бақылау нысаны ретінде альтернативті емтиханды - онлайн курс сертификаттарын қайта есептеуді таңдай алады.

Альтернативті емтихан қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып қорытынды бақылау өткізу жөніндегі нұсқаулықта белгіленген және бекітілген регламентке сәйкес жүргізіледі. Қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, қорытынды бақылау жүргізу нұсқаулығында бекітілген регламентке сәйкес өткізіледі.

11.8 Оқу нәтижелерін бағалау университеттің оқу нәтижелерін бағалау саясатына сәйкес жүргізіледі. Ағымдағы бақылауды бағалау пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 60% - құрайды, қорытынды емтиханды бағалау пән бойынша қорытынды бағалаудың 40% - құрайды.

11.9 Бақылаудың барлық түрлері 100 балдық шкала бойынша бағалауды қамтиды. Пәннің аралық бақылаулары бойынша үлгерімнің ең жоғары көрсеткіші ағымдағы бақылаулардың нәтижелерін қоса алғанда, әрбір аралық бақылау үшін ең жоғары 100 балды құрайды.

11.10 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балмен бағаланады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке аударып, оларды есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балдар (%- дық құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 22

11.11 Тілдер (қазақ, шетел, орыс) бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлік модельге және ECTS (иситиэс)-ке аудару және дәстүрлі шкалаға сәйкес шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады

Тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 "Тиісті типтегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес шет тілін (A1, A2, B1, B2, C1, C2) меңгерудің жалпыеуропалық құзыретіне сәйкес келеді.

11.12 Пәнге тыңдаушы ретінде тіркелген және пәнге қорытынды баға алмай қатысатын білім алушылар үшін «Audit» (AU) – «тыңдалды» бағасы қойылады. Пән тыңдаушылары университеттің білім алушылары да, осы пән бойынша оқу ақысын төлеген Университетте білім алушылар қатарына қабылданбаған адамдар да бола алады. Пәндерді тыңдау университетте белгіленген құны бойынша толық көлемде төленеді. «Audit» (AU) – «тыңдалды» бағасы білім алушының транскриптіне оқу қорытындысы бойынша басқа ЖЖОКБҰ-ға енгізілуі мүмкін. Бұл жағдайда бітіртуші кафедра пәнді транскриптке енгізуге ұсынысты рәсімдеуі тиіс, онда басқа ЖЖОКБҰ-да тыңдалған пәннің атауы үш тілде (мемлекеттік, орыс және ағылшын) және кредиттер саны көрсетілуі тиіс. Ұсынысқа білім алушының жеке өтініші қоса беріледі.

11.13 Егер білім алушы семестр бойы аралық бақылау бойынша кемінде 50 балл жинаса және емтиханға дәлелді себеппен келмесе, құжатпен расталған «I» (Incomplete) – «аяқталмаған» бағасы қойылады.

11.14 Қорытынды бақылауға екі аралық бақылаудың қорытындысы бойынша кемінде 50 балл ((АБ1+АБ2)/2) жинаған білім алушылар жіберіледі. Қорытынды емтихан үшін ең жоғары баға – 100 бал.

11.15 Емтихан сессиясына жіберу факультет деканының өкімімен рәсімделеді. Қорытынды бақылауға (емтиханға) мына тұлғалар жіберілмейді:

- аралық бақылау қорытындысы бойынша 50 балдан төмен жинаған білім алушылар (АБ1+АБ2)/2;
- дәлелді себепсіз пән бойынша 50% - дан астам оқу сабақтарын өткізіп алған білім алушылар;
- оқу, жатақханада тұру ақысын төлеу бойынша қарызы бар, ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарты негізінде білім алушылар.

11.16 Пән бойынша қорытынды емтиханды тапсырмаған білім алушы «I» бағасын алу үшін емтихан өткізілген күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей немесе денсаулық жағдайы бойынша емтиханға қатыса алмайтындығы туралы анықтама берілген күннен кешіктірмей емтиханды өткізіп алу себептерін көрсете отырып және растайтын құжаттардың (анықтамалардың) түпнұсқаларын қоса бере отырып, факультет деканының қарауына өтініш ұсынады. Емтиханның дәлелді себептермен өткізілмегені танылған жағдайда факультет деканының өкімімен білім алушыға «I» бағасы қойылады және емтихан сессиясынан кейінгі кезеңде емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді. Деканат жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық түрде білім алушыны «I» тапсыруға жіберу үшін электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Тіркеуші кеңсесіне жібереді. Егер «Incomplete» бағасы бар білім алушы белгіленген уақыт кезеңі ішінде (сессия аяқталғаннан кейін 35 күннен кешіктірмей) барлық талаптарды орындамаса, тіркеуші кеңсесі «I» бағасын «F», яғни «қанағаттанарлықсыз» деп ауыстырады. Пән бойынша қорытынды бақылау нәтижесімен (емтихан үшін баға) келіспейтін білім алушы Univer АЖ-да емтихан нәтижелерін электрондық тізімдемеге қойғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 23

Қорытынды бақылау (емтихан сессиясын) өткізу қағидаларының 3-тарауына сәйкес дәлелді жазбаша өтініш беруге құқылы.

11.17 «АУ», «F» бағалары пәнді қайта оқу арқылы өзгертілуі мүмкін, алайда бастапқы және өзгертілген бағалар транскриптке енгізіледі. Бұл ретте GPA (орташа үлгерім балы) соңғы алынған бағалар негізінде есептеледі.

Егер білім алушы «қанағаттанарлықсыз» бағасын алып, ол «FX» (25-49 балл) шкаласына сәйкес келсе, білім алушы қорытынды бақылауды қайта тапсыру құқығына ие болады. Қайта тапсыру оқу пәнінің/модульдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ, ақылы негізде, дәл осы баға алынған емтихан сессиясынан кейін арнайы белгіленген кезеңде жүзеге асырылады.

Шетел тілдері бойынша білім алушы 0-49 балл жинаған жағдайда (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес), оның бағасы «F» деп есептеледі. Бұл жағдайда білім алушы аталған пән бойынша ақылы негізде қайта тіркеліп, оқу бағдарламасына сәйкес барлық сабақ түрлеріне қатысып, барлық оқу жұмыстары түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

11.18 Басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан (ЖОО-дан) ауысу немесе қалпына келу кезінде бұрын алынған «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы білім алушының академиялық тарихының бөлігі ретінде деканның ұсынысы негізінде «Салем-офис» арқылы ИС Univer жүйесіне енгізіледі және қайта тапсыру ретінде рәсімделеді.

Сонымен қатар, «FX» бағасының болуы білім алушыға үздік диплом (қызыл диплом) алуға мүмкіндік бермейді. «FX» бағасы академиялық үлгермеушілік ретінде есептеледі, тіпті егер студент кейіннен пәнді оң бағаға қайта тапсырған болса да. Бұл білім алушының оқу материалын белгіленген мерзімде меңгермегенін және жоғары академиялық тәртіп пен үлгерімді қайта тапсырусыз қамтамасыз ете алмағанын білдіреді.

11.19 «FX» қайта тапсыру кезінде «F» немесе тағы «FX» бағасын алған жағдайда білім алушы ақылы негізде осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

11.20 Егер білім алушы белгіленген кезеңде «FX» бағасын қайта тапсыруға келмесе, бұл баға «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасына ауыстырылады және бұдан әрі ол академиялық қарыз болып есептеледі, мұны жою үшін білім алушы келесі семестрде/триместерде оқу сабақтарының барлық түрлерін ақылы негізде қайта оқып, оқу жұмысының барлық түрлерін орындауы қажет, соңынан пән бойынша қорытынды емтихан тапсырады.

11.21 «FX» бағасымен емтиханды қайта тапсыруға бір рет қана рұқсат етіледі. Емтихан нәтижелерінің апелляциясы және «I» бағасын стандартты бағаға ауыстыру үшін емтихан тапсырған білім алушылар үшін «FX» (қажет болған жағдайда) бағасын қайта тапсыру жоғарыда сипатталған тәртіппен жүзеге асырылады. Егер білім алушы бағалауды түзетудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін университеттен шықса, «I» бағасы транскриптте өзгеріссіз қалады.

11.22 «FX» бағасына (*Fail with opportunity for retake*) қатысты балды көтеру мақсатындағы апелляцияға жол берілмейді, себебі «FX» бағасы - бұл пәнді өтпеген білім алушыға бүкіл пәнді қайта оқымай-ақ емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігін беретін, яғни бағасын шағымсыз, апелляциясыз түзетуге мүмкіндік беретін нұсқа болып табылады.

11.23 Қорытынды бақылау өткізу қағидаларының талаптарын бұзған (рұқсат етілмеген көмекші құралдарды, ұялы телефондарды және т.б. пайдаланған) білім алушыға «F» бағасы Университеттің Оқу бақылау қызметі рәсімдеген бұзушылық

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 24

туралы акт негізінде автоматты түрде қойылады. Аталған акт шағымдануға және апелляцияға жатпайды.

11.24 Қорытынды бақылау өткізу қағидаларының талаптарын бұзған (рұқсат етілмеген көмекші құралдарды, ұялы телефондарды және т.б. пайдаланған) білім алушыға «F» бағасы Университеттің Оқу бақылау қызметі рәсімдеген бұзушылық туралы акт негізінде автоматты түрде қойылады. Қорытынды бақылау өткізу қағидаларының талаптарын бұзған білім алушының жұмысы (ағымдағы емтихан сессиясы шеңберінде жазбаша онлайн емтихандар кезінде жауапты қалыптастыру барысында жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерін заңсыз пайдаланған жағдайда) пәннің емтихан алушы оқытушысы тарапынан мұқият талдануы тиіс. Бұл талдау білім алушының жауабын дайындау кезінде ЖИ жүйелерін қолдану фактісін растау немесе жоққа шығару мақсатында жүргізіледі және ол «Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын плагиатқа тексеру туралы ереже» мен «Университетте ЖИ технологияларын қолдану туралы ереже» талаптарына сәйкес орындалады. Талдау нәтижелері бойынша оқытушы сараптамалық қорытынды дайындайды, онда жұмысты бағалаудан алып тастау немесе бағалауға жіберу жөніндегі дәлелді негіздеме көрсетіледі. Сараптамалық қорытынды негізінде жойылған (немесе апелляцияланған) баға деканның ұсынысы бойынша «Салем-офис» арқылы 24 сағат ішінде ИС Univer жүйесіне енгізіледі. Қорытынды бақылау өткізу қағидаларын бұзу туралы мәліметтер білім алушының транскриптіне енгізіледі. Қорытынды бақылау қағидаларын қайта бұзған жағдайда білім алушының ісі факультеттің этика жөніндегі кеңесінде қаралады.

11.25 Оқуға ақы төлеу бойынша қарызына байланысты қорытынды емтихандарға жіберілмеген білім алушылар қаржылық қарызын өтеуі керек және емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін 35 күнтізбелік күн ішінде емтихан бағаларын тиісті тізімдемеге қою үшін емтихан тапсыруы тиіс. Олай болмаған жағдайда білім алушы академиялық саясат ережелерін бұзғаны үшін университеттен шығарылуға ұсынылады.

11.26 Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ең төменгі өту балын жинай алмаған білім алушыларға GPA жоғарылату мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта оқуға және қорытынды емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

11.27 GPA жинаған білім алушылар Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі-проректордың бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады. Курстан курсқа ауысу үшін талап етілетін GPA балын университеттің Ғылыми кеңесі белгілейді. GPA жинамаған білім алушы ақылы негізде қайта оқу курсына қалады.

11.28 Мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері болып табылатын, қайта оқу курсына қалдырылған білім алушылар білім беру грантынан айырылады және одан әрі оқуын тек ақылы негізде жалғастырады.

11.29 Оқу курсы бағдарламасын толық көлемде орындағанымен, ең төменгі ауыстыру балын жинай алмаған білім алушыға орташа үлгерім балын (GPA) көтеру мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта оқып, емтихандарды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Орташа балды көтеру тек ағымдағы оқу жылында өткен курстар бойынша ғана рұқсат етіледі.

Алдыңғы оқу жылдарында сәтті меңгерілген курстар бойынша бағаларды немесе орташа балды көтеру мақсатында пәндерді қайта тапсыруға және қайта оқуға жол берілмейді.

11.30 GPA көрсеткішін жинаған білім алушылар келесі курсқа Басқарма мүшесі- академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығымен ауыстырылады.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 25

Курстан курсқа ауысуға қажетті GPA көрсеткішін Университеттің Ғылыми кеңесі белгілейді.

GPA талап етілген деңгейге жетпеген білім алушы ақылы негізде курсты қайта оқуға қалады.

11.31 Университеттің Ғылыми кеңесі (ҒК) жыл сайын білім алушыларды келесі курсқа көшіру үшін қажетті ең төменгі ауыстыру GPA көрсеткішін белгілейді.

Бұл көрсеткіш – академиялық жыл ішінде (жазғы семестр нәтижелерін қоса алғанда) білім алушы жинауы тиіс орташа өлшенген GPA-ның ең төменгі шекті деңгейі.

Белгіленген GPA деңгейіне жете алмаған білім алушы курсты қайта оқуға қалады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы 3 сәуірдегі №9 шешіміне сәйкес келесі ауыстыру GPA көрсеткіштері белгіленген:

Бакалавриат үшін:

1-курс → 2-курс – 2,00

2-курс → 3-курс – 2,10

3-курс → 4-курс – 2,20

4-курс → 5-курс – 2,30

Триместрлік оқыту жүйесіндегі бакалавриат үшін:

1-курс → 2-курс – 2,00

2-курс → 3-курс – 2,15

3-курс → 4-курс – 2,30

Интернатура үшін:

1-курс → 2-курс – 2,50

Магистратура үшін:

1-курс → 2-курс – 2,50

Резидентура үшін:

барлық курстарға – 2,50

Докторантура үшін:

барлық курстарға – 3,00

GPA автоматты түрде жүздік дәлдікпен есептеледі және ондық үлгіге дейін дөңгелектеуге жатпайды.

11.32 Мемлекеттік білім беру грантының иегерлері болып табылатын, бірақ қайталап оқу курсына қалған білім алушылар **білім беру грантынан айырылады** және әрі қарайғы оқуын тек **ақылы негізде** жалғастырады.

11.33 Білім алушылар қайта оқу немесе академиялық айырмашылықты жою үшін тіркеледі, егер:

- қорытынды бақылау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша «қанағаттанарлықсыз» бағамен аяқталған пәндер түріндегі академиялық қарызы болса;
- басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан (ЖОО), не басқа білім беру бағдарламаларынан ауысқан жағдайда, оқудан шығарылғаннан кейін контингентке қайта қабылданған жағдайда, ұзақ мерзімді шетелдік іссапардан немесе академиялық демалыстан кейін академиялық айырмашылық пәндері болған жағдайда;
- орташа үлгерім балын (GPA) көтеру мақсатында қайта оқуға ниет білдірсе.

11.34 Қайта оқу немесе қосымша оқу ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Бірақ бұл талап келесі жағдайларға қолданылмайды: академиялық демалыстан немесе мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 26

ұтқырлық бағдарламасынан оралған білім алушылар үшін; мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын және бір білім беру бағдарламасы тобы (ББТ) шеңберінде бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне немесе бір тіл бөлімінен екіншісіне ауысқан жағдайда туындаған академиялық айырмашылықты жою кезінде.

11.35 Оқу жұмыс жоспары пәндері бойынша ағымдағы оқу жылы ішінде, жазғы семестрді қоса алғанда, жойылмаған академиялық айырмашылық академиялық қарыз ретінде есептеледі және білім алушыны ақылы негізде курсты қайта оқуға қалдыруға негіз болып табылады.

11.36 Академиялық қарызды жою мақсатындағы қайта оқу факультет деканаты мен Академиялық мәселелер департаменті (АМЖД) тарапынан факультет өкімі негізінде ұйымдастырылады.

11.37 Егер білім алушының академиялық қарызы белгіленген рұқсат етілген кредит санынан асып кетсе, ол пәндерді басқа ұлттық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (ЖОО-ларда) оқуға және кейіннен кредиттерді қайта есептеуге құқылы, бірақ бұл жағдайда ол Университеттің **жазғы семестріне тіркелуі тиіс**.

11.38 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын білім алушыларға аралық аттестация (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша келесі бағалар алынған жағдайда мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады: «А», «А-», «В+», «В», «В-», «С+».

«FX» бағасын оң бағаға қайта тапсыру фактісі шәкіртақыны тағайындауға әсер етпейді.

11.39 Транскриптке қайта емтихан тапсырудың оң нәтижелерін қоса алғанда, білім алушының барлық қорытынды бағалары жазылады. Техникалық (оның ішінде адами фактор) және/немесе жүйелік қателерден басқа, транскриптте жазылған оқу жетістіктерінің тарихын транскриптті беру кезінде өзгертуге және/немесе жоюға болмайды. Қателерді түзету растайтын құжаттары бар факультеттің ұсынысына сәйкес Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректордың рұқсатымен жүзеге асырылуы мүмкін.

11.40 Пән бойынша қорытынды баға білім алушының аралық, сондай-ақ қорытынды бақылау бойынша оң бағалары болған жағдайда ғана есептеледі және мынадай формула бойынша есептеледі: $(AB1 + AB2) / 2 \times 0,6 + (QEx0,4)$. және / немесе $(AB \times 0,6) + (QEx0,4)$.

11.41 Емтихан сессияларының ұзақтығы мен емтихандар саны БББ бекітілген жұмыс оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады. Білім алушылар барлық емтихандарды пәндердің бекітілген оқу бағдарламалары бойынша жұмыс және жеке оқу жоспарына қатаң сәйкестікте тапсыруы тиіс.

11.42 Емтихан сессиясын өткізу тәртібі Қорытынды бақылауды (емтихан сессиясын) өткізу қағидаларымен, Қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, қорытынды бақылауды жүргізуге арналған нұсқаулықпен (қорытынды бақылауды онлайн/аралас форматта жүргізген жағдайда) регламенттеледі.

Қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып БББ бойынша емтихан сессиялары, олардың оқу жылындағы кезеңдері мен саны білім беру бағдарламаларының бекітілген оқу жоспарларымен айқындалады.

11.43 Оқу жұмыс жоспарының талаптарын орындамаған, белгіленген өтпелі GPA балын жинай алмаған және жазғы семестр барысында бар академиялық қарызын жоймаған білім алушылар гранттан айырылып, ақылы негізде қайталап оқу жылына қалады.

11.44 Қайта оқу жылына қалдырылған және белгіленген мерзімде (ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін) өтеулі білім беру қызметтерін көрсету шартын жасаспаған білім алушылар оқудан шығарылады.

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 27

11.45 Университеттің барлық білім алушылары қорытынды бақылауды (емтихан сессиясын) өткізу қағидаларымен және оқу жетістіктерін қорытынды бақылауды жүргізу кезінде білім алушылардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды белгілейтін университеттің академиялық адалдық саясатымен танысуы тиіс. Білім алушылардың жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттармен уақтылы танысуына жауапкершілік бітіртуші кафедраға жүктеледі.

11.46 Емтихан сессиясын ұйымдастыру және өткізу жауапкершілігі факультет деканатына, Университеттің оқу бақылау қызметіне, АМЖД-ке және Тіркеу кеңсесіне жүктеледі.

Қорытынды бақылауды (емтихан сессиясын) өткізу қағидаларының, сондай-ақ Академиялық адалдық саясаты талаптарының сақталуын бақылауды және мониторингілеуді университеттің Университеттің оқу бақылау қызметі жүзеге асырады.

12 КӘСІБИ ПРАКТИКА

12.1 Білім алушылар жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын игеру барысында БББ оқу жоспарларында көзделген кәсіби практикадан өтеді.

12.2 Кәсіби практиканың негізгі және міндетті түрлері: оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды.

12.3 Практиканың барлық түрлері практика жетекшілерінің басшылығымен практиканы ұйымдастыруға және өту шарттарына қойылатын негізгі талаптарды қамтитын практика бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

12.4 Практика бағдарламасын БББ бейінін, оқытудың күтілетін нәтижелерін, практика базасының сипатын ескере отырып, бітіртуші кафедра әзірлейді және оны факультеттің Ғылыми кеңесі бекітеді. Өндірістік практика бағдарламалары қолда бар келісім-шарттарға сәйкес практика базаларымен келісілуі тиіс.

12.5 Білім алушылардың оқу практикасы университет базасында немесе кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда өткізілуі мүмкін.

12.6 Ұйымдардың базасында білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізу туралы ұйымдармен уақытылы келісім-шарттар жасасуға, практика базасының БББ бейініне және оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкестігіне практиканың тағайындалған жетекшілерінің жұмысын бақылауды жүзеге асыратын бітіртуші кафедра меңгерушісі жауапты болады.

12.7 Практика жетекшілері кәсіптік практиканы өткізуді уақтылы сапалы ұйымдастыруға жауапты болады, білім алушы-практиканттардың Univer АЖ-да практика күнделіктерін уақытылы толтыруын бақылайды, білім алушыларға практикадан өтуге байланысты барлық мәселелер бойынша кеңес береді және Univer АЖ-да аттестаттау тізімдемесіне енгізе отырып, практика нәтижелерін аттестаттауды жүзеге асырады.

12.8 Білім алушылар кәсіптік практика базасын өз бетінше іздестіруді жүзеге асыруға және практиканың болжамды базасы БББ бейініне және оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес келген жағдайда практикадан өту туралы келісім-шарт жасасуға бастамашылық етуге құқылы.

12.9 Практикаларды өткізу мерзімдері БББ оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес белгіленеді.

12.10 БББ оқу жоспарларында практиканың әрбір түріне сәйкес келетін кредиттер саны анықталады. Білім алушылар практиканың тиісті түріне тіркеледі және ЖОЖ-ға енгізіледі.

12.11 Білім алушы практика нәтижелерін жазбаша есеп түрінде рәсімдейді, оны академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттаудың тиісті кезеңінде бітіртуші

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 28

кафедра комиссиясының отырысында қорғайды.

12.12 Білім алушылардың практикадан өту нәтижелерін бағалау теориялық оқыту бойынша бағалауға теңестіріледі, стипендия тағайындау туралы мәселені қарау кезінде және жалпы GPA есептеу және келесі оқу жылына ауыстыру кезінде ескеріледі және практика бойынша тізімдемеге енгізіледі.

12.13 Практиканың жалпы қорытындысы практика базалары өкілдерінің қатысуымен факультеттердің ғылыми кеңестерінде шығарылады.

12.14 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура мен докторантураның БББ практиканың екі түрін қамтиды: педагогикалық – білім беру ұйымында және зерттеу – диссертацияны орындау орны бойынша.

Магистратура мен докторантураның педагогикалық практикасының мақсаты ЖЖОКБҰ-дағы ғылыми-педагогикалық қызметке дайындық болып табылады. Педагогикалық практика теориялық оқыту кезеңінде оқу үдерісінен үзіліссіз өткізілуі мүмкін.

Зерттеу практикасы ғылымның жаңа әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялаумен танысу, диссертациялық зерттеу үшін практикалық және фактологиялық материалдарды жинау мақсатында жүргізіледі.

12.15 Бейіндік магистратура мен докторантура БББ өндірістік практиканы қамтиды. Өндірістік практика оқу үдерісінде алынған теориялық білімді бекітуге, ғылыми-зерттеу және кәсіби құзыреттіліктерді алуға бағытталған.

12.16 Педагогикалық практиканың нәтижелері қорытынды конференцияда талқыланады, онда білім алушылар баяндамалар мен хабарламалар жасайды. Педагогикалық практика бойынша қорытынды бағаны құрамына педагогика, психология бойынша оқытушылар және бітіртуші кафедраның практика жетекшісі кіретін комиссия қояды және есептік конференциядан кейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей Univer АЖ-не енгізеді.

Педагогикалық практиканың нәтижелерін білім алушы бітіруші кафедра комиссиясының отырысында қорғайды, оның құрамына кафедраның практика жетекшісі, сондай-ақ Педагогика және психология оқытушылары кіреді (ББ-ға байланысты).

Зерттеу және өндірістік практиканың нәтижелері жазбаша есеп түрінде ресімделеді, ол комиссияға шығарушы кафедрада ұсынылады.

12.17 Білім алушылар ЖОЖ-ға және академиялық күнтізбеге сәйкес кәсіптік практиканың барлық түрлерінен және практика нәтижелерін аттестаттаудан уақтылы өтуге міндетті.

13 АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

13.1 Университет білім алушыларының академиялық ұтқырлығы ішкі академиялық ұтқырлық үшін жолдаушы және қабылдаушы ЖЖОКБҰ қол қойған білім алушының үшжақты келісімі және халықаралық академиялық ұтқырлық үшін шақыру негізінде жоғары оқу орындары арасындағы шарттар/келісімдер және/немесе бірлескен халықаралық бағдарламалар/жобалар шеңберінде жүзеге асырылады.

13.2 Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлыққа қатысу үшін жолдама шетелде оқуға жолдама беру ережелеріне, оның ішінде 19.11.2008 жылғы академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларына және 23.05.2022 жылғы ҚазҰУ-дың академиялық ұтқырлық туралы Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

13.3 Кредиттік ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ұйымда болу кезеңі және кейіннен кредиттерді қайта есептей отырып, оқуға арналған пәндер тізбесін

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 29

университет БББ оқу жоспарын ескере отырып, білім алушы бітіртуші кафедрамен келісім бойынша анықтайды.

13.4 Кредиттерді қайта есептеуді АМЖД-нің келісімі арқылы білім алушының өтініші және растайтын құжаттарымен бітіртуші кафедра ұсынысы негізінде Тіркеуші кеңсесі жүзеге асырады.

13.5 Бітіртуші кафедра оқылған пәндердің көлемі мен мазмұнының немесе жүргізілген зерттеу жұмыстарының университеттің оқу жоспарының талаптарына сәйкестігін объективті түрде анықтауға жауапты.

13.6 Ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының сол елдегі оқуын растайтын қорытынды құжат болып келетін транскрипт немесе оның аналогы болып табылады. Транскриптке оқу бағдарламасы туралы мәліметтер: пәндер (модуль) атауы, бағалар, игерілген академиялық кредиттер саны енгізіледі.

13.7 Басқа білім беру ұйымдарынан қайта есепке алуға рұқсат етілетін кредиттердің ең көп саны бір оқу жылында Қазақстан Республикасының басқа ұлттық ЖЖОКБҰ-да оқытылатын пәндер үшін оқу жоспарының 20%-нан аспайды. Назарбаев Университетін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық ЖЖОКБҰ-да оқытылмаған пәндер бойынша кредиттерді қайта есептеу жүзеге асырылмайды.

13.8 Шетелдік білім беру ұйымдарынан қайта есепке алуға жіберілетін кредиттердің ең көп саны шетелдік ЖЖОКБҰ рейтингі мен БББ бейіні ескеріле отырып, жеке тәртіппен белгіленеді.

13.9 Академиялық немесе кредиттік ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ЖЖОКБҰ-да оқуды қаржыландыру көзіне қарамастан тиісті оқу семестрі басталғанға дейін 10 күннен кешіктірілмей тиісті бұйрықпен рәсімделеді.

13.10 Халықаралық кредиттік ұтқырлыққа қатысу үшін республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламаны қоспағанда, қабылдаушы білім беру ұйымымен қарастырылған деңгейде шет тілін білу қажет.

14 ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

14.1 Қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және БББ бекітілген оқу жоспарларында көзделген мерзімдерде өткізіледі.

14.2 Қорытынды аттестаттауды өткізу формалары мен рәсімін даярлау бағыттары бойынша академиялық комитеттердің ұсынуы бойынша факультеттің Ғылыми кеңесі бекітеді.

14.3 Дипломдық жұмыстарға немесе жобаларға басшылық етуді бейіні бойынша оқытушылар және (немесе) кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын мамандар жүзеге асырады.

14.4 Магистранттар мен докторанттарды қорытынды аттестаттау магистрлік диссертацияны/жобаны, докторлық диссертацияны жазу және қорғау түрінде жүргізіледі. Докторант дәрежелер беру ережелеріне сәйкес бірқатар мақалалар бойынша қорғай алады.

14.5 Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін БББ бойынша оқытудың барлық түрлері үшін дайындық бағыттары бойынша Аттестаттау комиссиясы құрылады.

14.6 Факультет декандары күнтізбелік жылдың 15 қазанына дейін АМЖД-ке бітіретін мамандардың БББ бейініне сәйкес келетін және университетте жұмыс істемейтін аттестаттау комиссиялары төрағаларының кандидатураларын ұсынады.

14.7 Аттестаттау комиссиялары төрағаларының кандидатуралары Басқарма төрағасы- Ректордың, не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен күнтізбелік жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмей бекітіледі.

14.8 Бітіру курсының магистранттары қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі-

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 30

проректордың бұйрығы негізінде қорытынды аттестаттауға рұқсат алады. Қорытынды аттестаттауға жұмыс және жеке оқу жоспары мен оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру үдерісін толық аяқтаған және ғылыми жетекші тарапынан қорғауға рұқсат алған білім алушылар жіберіледі.

14.9 Жұмыс және жеке оқу жоспары мен оқу бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіруші курс білім алушылары жазғы семестрсіз қайта оқу курсына қалдырылады.

14.10 Аттестаттау комиссияларының жұмыс кестесін факультет деканы бекітеді және қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей хабарлайды.

14.11 Бакалавриат пен магистратурада қорытынды аттестаттау Аттестациялық комиссияның ашық отырысында өткізіледі. Докторлық диссертацияны қорғау диссертациялық кеңестің отырысында жүзеге асырылады.

14.12 Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаудың орнына білім алушыларға мынадай негіздер бойынша екі кешенді емтихан тапсыруға рұқсат етіледі:

- денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ емделушілер;
- білім берілуіне ерекше қажеттілігі бар балалар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I топтағы мүгедектер;
- жүкті әйелдер немесе екі жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған аналар;
- халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстар мен фестивальдерге қатысушылар.

14.13 Екі кешенді емтихан тапсыру үшін білім алушы Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі-проректордың атына қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірмей растайтын құжаттарды ұсына отырып, бітіртуші кафедра меңгерушісінің және факультет деканының рұқсатнамасымен тиісті өтініш береді.

14.14 Магистрлік диссертация тақырыбы бойынша білім алушының кемінде бір ғылыми басылымы жариялануы тиіс. Докторлық диссертацияның ғылыми нәтижелерін жариялауға қойылатын талаптар дәреже беру ережелерімен анықталады.

14.15 Қорытынды аттестаттаудан өту үшін орындалған жазбаша жұмыстар қорғауға дейін Univer АЖ-да қарызы бар-жоғына міндетті тексеруден өтеді. Плагиатқа тексеру жүргізу тәртібін бітіруші кафедра және факультет деканаты айқындайды. Бұл ретте антиплагиат жүйесінде тексерудің екі тегін әрекетіне рұқсат етіледі. Үшінші тексеру әрекеті ақылы негізде жүзеге асырылады.

14.16 Докторлық диссертация кафедраның кеңейтілген отырысында диссертацияны қарау, диссертацияны қорғауға қабылдау, рецензиялау және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығына тіркеу кезеңдерінде жүзеге асырылатын басқа авторлар мәтіндерінің енуін анықтау үшін тексеруден өтеді.

14.17 Білім алушы ғылыми жетекшінің оң пікірі болған жағдайда бітіру жұмысын (дипломдық жұмыс/жоба немесе магистрлік/докторлық диссертация) қорғайды. Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берген жағдайда, білім алушы бітіру жұмысын қорғамайды және қорытынды аттестаттауға жіберілмеген ретінде университеттен шығарылуға жатады. Кешенді емтихандарды тапсыру немесе бітіру жұмысын қорғау нәтижелері сол өткізілген күні жарияланады. Қорғауды бағалау, дәреже беру және мемлекеттік/өзіндік үлгідегі диплом беру (үздік емес, үздік) туралы шешімдерді аттестаттау комиссиясы қабылдайды.

14.18 Білім алушының денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттау мерзімдерін ауыстыру туралы шешімді аттестаттау комиссиясының төрағасы растайтын құжаттардың негізінде қабылдайды. Бұл ретте факультет

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 31

деканатының ұсынысы бойынша Басқарма төрағасы-Ректордың, не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен қорытынды аттестаттаудың жаңа мерзімдері ағымдағы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмей тағайындалады.

14.19 Қорытынды аттестаттау кезеңінде шетелдік іс-сапарда болған білім алушыларға қорытынды аттестаттаудан өту мерзімі факультет деканының өкімі негізінде іс-сапардан оралғаннан кейін 1 айдан кешіктірілмей ұзартылады.

14.20 Бағаны көтеру мақсатында қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға жол берілмейді.

14.21 Қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушыларға осы кезеңде қорытынды аттестаттаудан қайта өтуге рұқсат етілмейді.

14.22 Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін аттестаттау комиссиясына ұсынылған денсаулық жағдайы туралы құжаттар қаралмайды. Қорытынды аттестаттау бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушылар Университеттен оқудан шығарылады.

14.23 Қайта қорытынды аттестаттау қорытынды аттестаттаудың келесі кезеңінде алдыңғы қорытынды аттестаттауға «қанағаттанарлықсыз» бағасы алынған формалары бойынша ғана өткізіледі. Бұл ретте осы емтихандарды тапсырмаған адамдар үшін кешенді емтихандарға шығарылатын пәндер тізбесі теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған бекітілген оқу жұмыс жоспарымен анықталады.

14.24 Қорытынды аттестаттаудан қайта өту үшін университеттен шығарылған білім алушы келесі оқу жылының қорытынды аттестаттауы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей Басқарма төрағасы-Ректордың не оны алмастыратын тұлғаның атына рұқсат беру туралы өтініш жазады.

14.25 Білім алушы қорытынды аттестаттауды тек ақылы негізде қайта тапсыруға жіберіледі.

14.26 А, А- «өте жақсы», В -, В, В+, С+ «жақсы» бағаға емтихан тапсырған және үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ кешенді емтихан тапсырған немесе диплом жұмысын (жобасын) А, А- «өте жақсы» бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда). Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырған немесе қайталап тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

14.27 Білім беру бағдарламасын теориялық оқытудың толық курсын меңгерген, бірақ ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) компонентін орындамаған магистранттарға зерттеу компонентінің кредиттерін қайта игеруге және келесі оқу жылында диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі. Бұл ретте ғылыми-зерттеу (эксперименттік- зерттеу) компонентінің игерілмеген кредиттері ғана ақы төленуге жатады.

14.28 Докторантура білім беру бағдарламасының теориялық оқудың толық курсын меңгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта игеруге және кейінгі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Докторантура білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсын меңгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріліп, бітіргеннен кейін екі жыл ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде диссертацияны қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң докторант ақылы негізде диссертациялық зерттеудің (research proposal) ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 32

15 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ

Университетке ауысу және қайта қабылдау

15.1 Білім алушы университеттен/университетке, бір мамандықтан немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламасынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқудың бір формасынан екіншісіне ауысуға құқылы.

15.2 Білім алушы оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

15.3 Төтенше жағдай енгізілген жағдайда, Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс уақыты туындаған жағдайда, сондай-ақ оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қайта қабылдау оқу жылы ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 "Тиісті типтегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

15.4 Білім алушыларды бір БББ-дан екіншісіне, бір оқу тобынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне, бір ЖЖОКБҰ-дан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың жазғы демалыс кезеңінде – 15 тамызға, қысқы демалыс кезеңінде -15 қаңтарға дейін жүзеге асырылады. Университет білім алушылары қатарына ауыстыру және қайта қабылдау Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі- проректордың бұйрығымен жүргізіледі.

15.5 Егер білім алушылар ЖОЖ-ға сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін толық ойдағыдай аяқтаса, олар оқудан шығарылғаннан кейін ауыса алады немесе қайта қабылдана алады. Оқытудың бірінші семестрінің пәндері бойынша бір немесе одан да көп «қанағаттанарлықсыз» бағасы бар тұлғалар ауыстыруға және қайта қабылдауға жатпайды.

15.6 Білім алушыны ауыстыру кезінде Университет ББ-ның дайындық бағыты мен бейінін, сондай-ақ білім алушының оқу жетістіктерін ескереді.

15.7 Шетелдік жоғары оқу орындарынан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне білім алушыларды ауыстыру келесі шарттар сақталған жағдайда рұқсат етіледі: шетелдік білім беру ұйымы:

- университеттердің халықаралық рейтингтерінің алғашқы 1000 қатарына (QS World University Rankings, Times Higher Education (THE) World University Rankings, Academic Ranking of World Universities (ARWU/Shanghai Ranking)) енген болуы тиіс; немесе
- тиісті елдің уәкілетті мемлекеттік органы мойындаған және ресми жариялаған аккредиттелген жоғары оқу орындарының ұлттық тізіліміне енгізілген, сол елдегі жоғары оқу орындарының кемінде 50 пайызын қамтитын университет болуы тиіс; немесе
- INQAAHE немесе EQAR мүшелері болып табылатын ұйымдардың бірі мойындаған халықаралық институционалдық аккредитацияға ие болуы тиіс.

15.8 Ауыстыру тек бастапқы жоғары оқу орнындағы **күндізгі оқу нысаны** жағдайында ғана жүзеге асырылады.

15.9 Білім алушы шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде меңгерілген оқу бағдарламалары туралы (академиялық анықтама, транскрипт), сондай-ақ белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуге тиіс алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 33

құжатты ұсынады. Бірінші семестр/триместр аяқталғаннан кейін шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауысу кезінде оқуға даярлық деңгейін анықтау үшін қосымша емтихан рәсімі жүргізіледі (университетте іске асырылатын ББТ бойынша оқуға түсушілер үшін айқындалған ҰБТ бейінді пәндері бойынша білім деңгейінің сәйкестігі).

15.10 Білім туралы құжаттарды тану рәсімінен мынадай тұлғалар өтпейді:

- "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлері;
- танудан босататын халықаралық шарттарға (келісімдерге) қол қойған елдердің білім беру ұйымдарының білімі туралы құжаттардың иегерлері (1992 жылдың 15 мамырдағы "Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы" ТМД-ның келісімі; 2014 жылдың 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт; 2017 жылдың 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Үкіметтері арасындағы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалы туралы келісімі).

15.11 Қазақстан Республикасында жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік білім алған тұлғалар шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде шетелдік ЖЖОКБҰ-ға түсу сынақтарының нәтижелерін ұсынады.

15.12 Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың одан әрі оқыту курсы алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған оқу жұмыс жоспарларындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылықтың болуы/болмауы, пререквизиттер ескеріле отырып айқындалады. Осы тұрғыда ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде академиялық айырмашылық 30 академиялық кредиттен аспауы тиіс. Академиялық айырмашылықты жоюды негізгі және жазғы семестр шеңберінде ұйымдастыруда академиялық айырмашылықтың көлемі 45 академиялық кредитке дейін ұлғаюына жол беріледі.

15.13 Басқа ЖЖОКБҰ-дан университетке білім берудің барлық деңгейлерінде бітіру курстарына ауысуға жол берілмейді.

15.14 Магистранттар мен докторанттардың басқа ЖЖОКБҰ-да оқыған элективті пәндерді қайта есептеу үшін ауыстыру кезінде олардың университет БББ сәйкес дайындық мазмұнына сәйкестігі анықталуы тиіс. Олай болмаған жағдайда оқу жоспарларындағы белгіленген тәртіппен жойылуға жататын айырмашылық рәсімделеді.

15.15 Оқу жұмыс жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылығы білім алуды аяқтамаған тұлғаларға берілген транскриптте немесе анықтамада көрсетілген оқыған пәндер тізбесімен, бағдарламалары мен академиялық сағаттар немесе кредиттер көлемі негізінде айқындалады.

15.16 Оқу жоспары бойынша шыққан пәндердегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы және аралық бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, қорытынды бақылауға рұқсат алады.

15.17 Басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан білім беру грантын сақтай отырып немесе шарт негізінде ауысқан білім алушылар үшін академиялық айырмашылықты жою ақылы негізде жүзеге асырылады.

15.18 ҚР дың басқа ЖЖОКБҰ-дан ауыстырылған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия өткен семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады.

15.19 Білім беру гранты негізінде білім алатын студенттерді, магистранттар мен интерндерге Қазақстан Республикасының басқа ЖЖОКБҰ-дан Ұлттық университетке ауыстыру білім алушылардың білім беру грантының құнындағы айырмашылығын

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 34

қосымша төлеген жағдайда жүзеге асырылады. Ол үшін басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысатын білім алушы университетпен тиісті шарт жасасады.

15.20 Шарт негізінде немесе грантты сақтай отырып университетке ауысу үшін студенттің ҰБТ немесе КТ сертификаты түсу жылына бекітілген өту балынан төмен және үлгерімнің орташа GPA балы университетте белгіленген ауысу балынан төмен болмауы тиіс.

15.21 Білім алушыны шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің БББ топтарынан басқа білім беру бағдарламалары топтарына (бұдан әрі – БББТ) ауыстыру білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген шекті балдан төмен емес балы бар ҰБТ сертификаты болған кезде жүзеге асырылады.

15.22 Оқуға ауыстыру және қайта қабылдау үшін білім алушы «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының Студенттік кеңсесіне өтініш береді.

Университет ішіндегі ауысу

15.23 Білім алушыларды университет ішінде бір БББТ-дан екіншісіне ауыстыру тек оқу курсы мен академиялық айырмашылық пәндерін айқындай отырып, ақылы негізде жүзеге асырылады.

15.24 Білім беру гранты бойынша оқу кезінде білім беру грантын сақтай отырып, білім алушыларды бір БББТ шеңберінде бір БББ-дан екіншісіне бір рет ауыстыруға жол беріледі. Бұл жағдайда грант бойынша білім алушыға ауысқаннан кейінгі бірінші оқу жылы ішінде академиялық айырмашылық пәндерін тегін оқуға бір реттік мүмкіндік беріледі.

15.25 БББТ шеңберінде оқытудың 4-ші семестрінен кейін бір БББ-дан екіншісіне ауыстыруға жол берілмейді.

15.26 Білім алушыларды бір тіл бөлімінен екіншісіне ауыстыруға білім беру гранты бойынша білім алушылар үшін білім беру грантын сақтай отырып жіберіледі.

15.27 Білім алушыларды ауыстыру тиісті академиялық топ болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Университеттен басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстыру

15.28 Білім беру гранты бойынша білім алушы қалауы бойынша білім беру грантын сақтай отырып басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады. Жекелеген ЖЖОКБҰ үшін бекітілген білім беру гранттары бойынша, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық мамандықтарға түскен білім алушылар басқа ЖЖОКБҰ-ға тек ақылы негізде ауыстырылады.

Курстан курсқа ауыстыру

15.29 Осы курстың БББ оқу жоспарының талаптарын толық орындаған, кредиттердің талап етілетін көлемін игерген және GPA өту балының белгіленген деңгейін жинаған білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі-проректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

15.30 Курстан курсқа ауысу академиялық қарыз болмаған жағдайда жүзеге асырылады, ол күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін факультет деканатына тиісті құжаттарды ұсына отырып жойылуы тиіс.

15.31 Жұмыс оқу жоспарының талаптарын орындамаған, бар академиялық қарызын жоймаған және белгіленген GPA өту балы күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін жинамаған білім алушылар ақылы негізде қайта оқу курсына қалдырылады және төменгі курстың БББ оқу жоспарына ауыстырылады.

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 35

15.32 Бітіртуші кафедра меңгерушісі мен эдвайзерлер академиялық қарызы бар білім алушыларды пререквизит принципін сақтау мақсатында теориялық оқытудың келесі кезеңдерінде оларды жою мүмкіндіктері туралы хабардар етеді.

15.33 Академиялық қарыздың болуы және келесі курсқа ауысу үшін белгіленген GPA деңгейінің сақталмауы үшін толық жауапкершілік білім алушының өзіне жүктеледі, ол оны жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға міндетті.

15.34 Факультет деканаты білім алушыға күзгі семестр қорытындысы бойынша бар академиялық қарызды жою қажеттілігі туралы хабарламаны күнтізбелік жылдың 3 қаңтарынан кешіктірмей электрондық пошта / мессенджерлер / немесе «Универ» жүйесі арқылы жібереді, ал көктемгі семестр қорытындысы бойынша академиялық қарызды жою қажеттілігі туралы хабарламаны күнтізбелік жылдың 30 мамырынан кешіктірмей жібереді.

Бос білім беру гранттарына ауыстыру

15.35 Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша босатылған ваканттық білім беру гранттары және ашық конкурс туралы ақпарат Студент офисі тарапынан IS Univer жүйесінде және Университеттің ресми сайтында орналастырылады

15.36 Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу барысында босатылған білім беру гранттары (бұдан әрі - ваканттық гранттар) ақылы негізде білім алатын студенттер арасында білім беру бағдарламалары топтары бойынша конкурс негізінде тағайындалады.

15.37 Конкурс аралық аттестаттау нәтижелері бойынша бүкіл оқу кезеңіндегі үлгерімнің орташа балына (GPA) сәйкес өткізіледі және оның қорытындысы бойынша білім беру грантын тағайындау туралы куәлік беріледі.

15.38 Ваканттық білім беру грантын тағайындау конкурсына келесі білім алушылар қатыса алады:

- оқу кезеңінің барлық пәндері бойынша академиялық қарызы жоқтар;
- Университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатындар;
- қаржылық берешегі жоқтар.

15.39 Конкурсты өткізу және бос білім беру грантын беру тәртібі:

- ақылы негізде оқитын білім алушы факультет деканатына білім беру грантына ауыстыруға өтініш береді;
- өтініш факультет пен университеттің Ғылыми кеңесінде қаралады, содан кейін ағымдағы жылдың 5 тамызына және 15 қаңтарына дейін шешім қабылдау үшін ҚР ҒЖБМ-ға жіберіледі. Өтінішке Ғылыми кеңестің шешімі, білім алушының транскриптінен үзінді, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және университеттен шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқа) қоса беріледі;
- бос білім беру гранттарына үміткерлер туралы ақпарат Univer АЖ-де және университет сайтында орналастырылады;
- білім беру саласындағы уәкілетті ұйым келіп түскен құжаттарды БББ (ЖБТ, БК), оқу формалары мен мерзімдері бөлінісінде оқуға түскен жылын ескере отырып қарайды және мәселе оң шешілген жағдайда білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады;
- білім беру саласындағы уәкілетті ұйымның бұйрығы негізінде ҰТО білім беру грантын беру туралы куәлікті рәсімдейді және оны университетке береді;
- Берілген білім беру гранты куәлік негізінде Университет білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға бұйрық шығарады.

15.40 Бос білім беру гранттарын алуға конкурс өткізу кезінде үлгерімнің орташа

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 36

балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда оқудың барлық кезеңінде А, А -, содан кейін В+, В, В -, С+ бағалары бар білім алушылар басым құқыққа ие болады.

16 АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ

16.1 Білім алушыларға академиялық демалыс беріледі:

- денсаулық жағдайы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде;
- әскери қызметке шақырылуын растайтын анықтама негізінде;
- баланың тууына (асырап алуына байланысты) ол үш жасқа толғанға дейінгі мерзімге.

16.2 Академиялық демалыс алу үшін білім алушы Univer АЖ-дегі өзінің жеке парақшасынан «е-қызметтер» бөлімі арқылы электрондық өтініш береді және тиісті құжаттың түпнұсқасын «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығына, АМЖД-ң Студенттер кеңсесіне ұсынады.

16.3 Академиялық демалыстан оралу үшін білім алушы Univer АЖ-дегі өзінің жеке парақшасынан «е-қызметтер» бөлімі арқылы электрондық өтініш береді және тиісті құжаттың түпнұсқасын «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығына, АМЖД-ң Студенттер кеңсесіне ұсынады.

16.4 Академиялық демалыстан оралғаннан кейін білім алушы білім алушылар контингентіне қайта қабылданады және БББ ағымдағы оқу жоспарының тиісті оқу курсының оқу пәндеріне тіркеледі.

16.5 Оқу жұмыс жоспарларындағы туындаған айырмашылықты жою үшін білім алушы академиялық айырмашылық пәндеріне тіркеледі және оларды ағымдағы оқу топтарымен бірге академиялық демалыстан кейінгі бірінші оқу жылы ішінде немесе қосымша семестр шеңберінде оқиды.

16.6 Академиялық демалыстан кейін білім алушыларға туындаған академиялық айырмашылық пәндерін оқу жылының соңына дейін тегін оқуға бір реттік мүмкіндік беріледі. Оқу жылы аяқталғаннан кейін академиялық айырмашылықтың оқытылмаған пәндері әрі қарай тек ақылы негізде оқуға жататын академиялық қарыз пәндеріне ауыстырылады.

16.7 Академиялық демалыстан оралған білім беру гранты бойынша білім алушыларға мемлекеттік стипендия тағайындау академиялық айырмашылық толық жойылған жағдайда, аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

17 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ

17.1 Білім алушы келесі жағдайларда оқудан шығарылуы мүмкін:

- академиялық үлгермеушілігі болғаны үшін (ағымдағы академиялық кезең үшін академиялық қарыздың 50% - дан астамы);
- тиісті факультеттің Әдеп жөніндегі кеңесінің ұсынымы бойынша (тәртіптік жаза болған жағдайда) бір академиялық кезең (семестр) ішінде дәлелді себепсіз 72 және одан да көп сағат оқу сабақтарына қатыспағаны үшін;
- белгіленген мерзімде қайта оқу жылында өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалмаған жағдайда;
- академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін;
- академиялық саясатты, Университеттің ішкі тәртібі мен жарғысын бұзғаны үшін;
- білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін;
- қорытынды аттестаттауға жіберілмеген және қорытынды аттестаттау бойынша "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда;

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 37

- өз еркі бойынша;
- білім алушының басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысуына байланысты;
- қайтыс болғанына байланысты.

17.2 Бакалавриат, магистратура және докторантура БББ білім беру гранты негізінде университеттен шығарылған білім алушылар білім беру грантынан айырылады.

17.3 Білім алушы өз қалауы бойынша университеттен шығу үшін Univer жүйесіндегі өзінің жеке парақшасынан, «е-қызметтер» арқылы электрондық өтініш береді. URL мекенжайы: <https://univer.kaznu.kz>.

17.4 Ережелерді бұзғаны үшін оқудан шығарылған білім алушылар «Айналым парағын» (обходной лист) толтырып, оны Студент офисіне тапсыруға міндетті.

17.5 Оқудан шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде оқудан шығарылған тұлғаларға АМЖД-ң Студенттер кеңсесі жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білімді аяқтамағаны туралы транскрипт береді.

18 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БІТІРТУ

18.1 Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді меңгергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен «бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері немесе тиісті БББ бойынша біліктілік беріледі және қосымшасы (транскрипт) бар диплом беріледі. Бакалавриат және магистратура БББ түлектеріне дипломға қосымша дипломның еуропалық қосымшасы (Diploma Supplement) беріледі.

18.2 Дипломға қосымшада барлық оқу пәндері, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстары, кәсіптік практикалардың түрлері, қорытынды аттестаттау бойынша көлемі академиялық кредиттер мен сағаттарда көрсетіле отырып, балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

18.3 Оқу пәндері және оқу қызметінің басқа түрлері бойынша (қорытынды аттестаттауды қоспағанда) А, А – "өте жақсы", В -, В, В+, С+ "жақсы" қорытынды бағалары бар жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы үлгерімінің орта балы (GPA) 3,5-тен төмен болмаған кезде, сондай-ақ, қорытынды аттестаттауды А, А – "өте жақсы" бағаларына тапсырғандарға үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда). Барлық оқу кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырған немесе қайталап тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

18.4 Докторантура БББ меңгерген және докторлық диссертацияны қорғаған білім алушыға диссертациялық кеңестің оң шешімі болған жағдайда Басқарма төрағасы - Ректордың, не оны алмастыратын тұлғаның тиісті бұйрығы негізінде PhD философия докторы және бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және қосымшасы (транскрипт) бар диплом беріледі.

18.5 Докторантура БББ мерзімінен бұрын игерген және диссертацияны сәтті қорғаған жағдайда докторантқа оқу мерзіміне қарамастан философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін береді.

18.6 Диплом немесе дипломға қосымша жоғалған жағдайда түлек білім туралы құжаттың телнұсқасын алу үшін тиісті өтінішпен Халыққа қызмет көрсету орталығына немесе e-Gov порталы арқылы жүгінеді.

Diploma Supplement жоғалған жағдайда түлек факультет деканатына барып Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі-проректордың атына тиісті өтініш беруі қажет. Diploma Supplement-і деканатқа өтініш бергеннен кейін бір апта ішінде беріледі. Докторанттар үшін ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: 2025 ж.	Шығарылым: үшінші
	Академиялық саясат		30 беттен 38

басқармасына Басқарма мүшесі-ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың атына тиісті өтініш беру қажет. Diploma Supplement-ті ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасы өтініш бергеннен кейін бір апта мерзімде береді.

18.7 Университет түлектерге білім туралы құжаттарды бергеннен кейін бір ай ішінде ақпаратты ҚР ҒЖБМ-ға жібереді және (немесе) бұл деректерді білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізеді. Түлектер тізімі университеттің веб-сайтында орналастырылады. Университет берілген білім туралы құжаттар бойынша электрондық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және білім туралы, оның ішінде бұрын берілген құжаттардың электрондық базасын (мұрағатын) сақтайды.

19 ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ

19.1 Университет түлектерді табысты жұмысқа орналастыруды жүзеге асырылатын білім беру қызметі тиімділігінің басты көрсеткіші ретінде қарастырады. Университет еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес БББ мазмұнын өзектендіру мақсатында жұмыс берушілермен ұзақ мерзімді көпжақты ынтымақтастықты қолдайды.

19.2 Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін білім алушылар мен түлектерді жұмысқа орналасу және кәсіптік тағылымдамадан өту мүмкіндіктері туралы хабардар ету мақсатында іс-шараларды өткізуге жұмыс берушілерді тартуды қамтамасыз ететін АМЖД-ң Кәсіптік дамыту және мансап кеңсесі жұмыс істейді.

19.3 Факультеттер факультет түлектері қатарынан құрылған жұмыс берушілер Кеңесі арқылы жұмыс берушілермен тұрақты байланысты қамтамасыз етеді. Жұмыс берушілер Кеңесінің өкілеттігі мен жұмыс жоспарын факультет басшылығы факультет алдында тұрған ағымдағы және стратегиялық міндеттерді негізге ала отырып, өз бетінше айқындайды.

19.4 Жұмыс берушілер Кеңесі қызметінің тиімділігін талдауды факультеттің Ғылыми кеңесі жылына кемінде 2 рет жүзеге асырады.

19.5 Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітіруші курста білім алушылар «Білім туралы» ҚР Заңының 47-бабының 17-тармағына және ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығына сәйкес университетті бітіргеннен кейін міндетті түрде жұмыспен өтеу үшін тиісті бейіндегі ұйымда міндетті түрде бөлінуге жатады.

19.6 Бітіруші курстың білім алушыларын бөлу үшін әрбір факультетте дербес бөлу жөніндегі арнайы құрылатын комиссия отырысы өткізіледі, ол Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің Кәсіби даму және мансап кеңсесіне күнтізбелік жылдың 1 маусымына дейін қол қойылған хаттамалар мен оған растайтын құжаттарды ұсынады.

19.7 Түлектерді жалпы бөлу бөлу жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімімен жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 шілдесінен кешіктірілмей рәсімделеді.

19.8 Әрбір оқу деңгейінің түлегі комиссияның шешімі бойынша тұрғылықты жері бойынша жұмысқа және/немесе халықты жұмыспен қамту орталықтарына жолдама алады.

19.9 Еңбекпен өтеуден босату Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 47-бабының 17-тармағында және ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.